Abstract. This article examines the socio-political activities of Asylbek Seitov, a prominent figure in the national liberation movement of the early 20th century. Recognized as an active supporter of the Alash movement and a staunch defender of national interests, Seitov played a significant role in shaping public life. The study pays particular attention to the development of his political views, his educational work, and his reputation among the Kazakh intelligentsia. It also analyzes his connection with the Alash party, his contributions to periodicals, and his participation in governmental structures, drawing on archival materials and historical documents. Furthermore, the article highlights his contributions to enlightenment and youth education, emphasizing his influence on the formation of public consciousness. Seitov's ideas about the nation's future are presented in the context of Kazakhstan's independent historical narrative. The research relies on both domestic and international historiography, as well as rare archival sources. This article is intended for scholars, researchers, history teachers, and readers interested in the Alash movement.

Keywords: Asylbek Seitov, national liberation struggle, Kazakhstan, early 20th century, Alash figures.

Кіріспе. Тұлғаны тану ең алдымен оның елін, халқын тану. Тұлғаны тану ол үрпақтар сабактастыры негізінде елге тұтқа болар ер азаматтардың ерлігі, еңбегі зор екендігін айқындау әрқашанда өзекті. Ұлт тарихындағы бүтін бір қазаққа еткен рухани қызметін, халықтың сауатын ашып, ұлттың санасын

өсірген ұлт зиялыштар жетерлік. Бірақ оның қоғамдағы қызметі, ұлт болашағы үшін атқарған ұлы істері толық зерттеліп ғылыми айналымға енгізілмеген қазақ зиялыштары бар. Бүгінгі таңда Алаш қайраткерлерінің есімдерін түгендеу, кітаптарға, жинақтарға енгізу, еңбектерін жария ету жұмыстары кең көлемде жүргізіліп жатса да әлі де талай боздақтарымыздың өмірлері зерттей түсуді қажет етеді. Солардың бірі – Асылбек Жұманұлы Сейітов.

Соның бірі де бірегейі – Асылбек Жұманұлы Сейітов. Ұлт болып ұйысадағы қазақ халқының мұн-мұқтажын жоқтап, ел болашағы үшін еңбек еткен зиялыштардың қоғамдық-саяси қызметі толық зерттеліп, ғылыми айналымға енгізілді десек ол қателескеніміз болар. Сондықтан, ел ертеңі ұрпақтың жарқын болашағы ұлттық құндылық пен рухани еркіндікті аңсаған Алаш зиялыштарының арманадап кеткен ел тәуелсіздігін, ел бірлігін сақтау бүгінгі қазақ еліне аманат, үлкен сын.

Әлихан Бекейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржакып Дулатов бастаған ұлт көсемдерінің туған халқы үшін жасап кеткен өнегелі істерін бір тарихи мерзімнің өлшеміне салып бағалаудың өзі оңайға соқпас. Өйткені ұлтқа, оның болашағына қызмет етуді өздерінің асыл мұраттарына балаған арыстарымыздың еңбегі қашанда өлшеусіз. Еліміз егемендік алып, Тәуелсіздігімізді тұғырына қондырған кезеңде Алаш арыстарына деген құрмет те ерекше бола түспек. Өйткені Алаш арыстарының көксеген ой-арманы да қазақ елінің өз алдына дербес мемлекет атануы еді.

Зерттеу жұмысының мақсаты Алаш азаттығын ұлықтаған Асылбек Сейітовтің қоғамдық-саяси қызметіне талдау жасау.

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында ғылыми мақалалар, монографиялардағы деректерді жинау, жүйелеу және тарихи сараптама жасау әдістері қолданылды. Ендеше халқы үшін еңбек етіп, тер төккен кеңес заманының құлы саясатының құрбаны болған ел ағаларын кейінгі ұрпаққа дәрілтеу біздің парызымыз. Ұлт көсемдерінің туған халқы үшін жасап кеткен өнегелі істерін бір тарихи мерзімнің өлшеміне салып бағалаудың өзі оңайға соқпас. Өйткені ұлтқа, оның болашағына қызмет етуді өздерінің асыл мұраттарына балаған арыстарымыздың еңбегі қашанда өлшеусіз.

Материалдар және әдістер. Биыл Алаш қайраткері, XX ғасырдың бас кезінде «Қазақ», «Айқап» секілді басылымдарға халқының мұн-мұқтажын көтеретін мақалаларды ұздіксіз жазып тұрған ұлтжанды, зиялы азамат Асылбек Сейітовтің туғанына 131 жыл.

Асылбек Сейітовтың өмірбаяны.

Өзінің ғасырлық қайғы-қасіретке сан толы тарихында қазақ халқы тағдырдың талай тәлкегіне түсіп көптеген оқиғаларды басынан кешірді. Кешегі тоталитаризм заманында бостандықты, азаттықты, тендікті аңсаған, сол үшін жан аямай курескен ата-бабаларымыздың тарихы Ресей тарихнамасының ықпалында, отаршыл идеологияның темір құрсауында бұрмаланып жазылды. Қазақтың сан ғасырлық бай тарихын, мазмұнды мәдениетін, асыл мұрасын ардақтаған, насиҳаттаған абзал азаматтар аталмады. Қазақ елі тәуелсіздік алғаннан бері отандық тарихты зерттеу

жолында көптеген иғі істер жасалып жатыр. Соның бірі - қеңестік саясат пен коммунистік идеология шенберінде бұрмаланып жазылдып келген төл тарихымыздың ақтандақ мәселелерін шындық негізінде қайта жазуға мүмкіндік туды. Қазіргі танда бұрын зерттеуге тыйым салынған ұлттық тарихтың құндылықтары терең талдау арқылы ой елекінен өткізіліп, өзінің лайықты бағасын алуда.

Тәуелсіздік жолына түсіп, өркениетті елдердің қатарына қосылу әрекетіне кіріскең Қазақстан Республикасы үшін алдына қойған мақсаттарға жетудің кепілдіктерінің бірі халықтың өз тарихын терең игеруі, тарих тағылымын жадында ұстауы. Ел Президентінің арнайы Жарлығымен 1997 жылдың «Жалпы ұлттық татулық пен саяси құғын-сұргін құрбандарын еске алу», 1998 жылды «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы», 1999 жылдың «Ұрпақтар бірлігі мен сабактастығы жылы» деп жариялануы тарихи танымның қоғамдық дамудағы алатын орнын терең ұғынудан туған шара екендігі даусыз. Өйткені, бүгінгі алдымыздың тұрған көптеген қоғамдық мәселелердің түп-тамыры тарих қойнауында жатыр. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Тарих толқынында» кітабында: «Ұлттық сипаттың барлық көріністері үшін тоталитаризм әсіресе апatty болды. Жүздеген және мындаған жылдар бойындағы ұлттық тарих оның небір нәзік, небір айшықтарымен қоса соншалықты өрекшел озбырлыққа душар болды. Небір кеменгер билікшілері мен небір ғажайып өнерпаздары бар қазақ даласының нақты тарихы бүкіл дүниені түп-түгел қайта құрудың жаңа доктринасы шенберінде түк құны жоқ қайдағы бір «жабайы тағылық» ретінде қайта жазылды [Назарбаев Н.Ә. «Тарих толқынында» 2326,-Алматы:Атамұра 2003ж-222 б]. Ұлттық сананы қорлап, жер қылған осы содырлы нұсқадан біз әлі арыла алмай келеміз», – деп тарихты танып-білуге таптық әдістің тигізген зардабы турасында жазған еді [Б.Е.Алтаев, Қ.Ш.Әлімғазинов, А.А.Башмаков, Қазақ мемлекеттілігі және Алашорда кітабы-7206, Алматы, «Литера-М» ЖШС-2018. 624 б].

Кеңестік билік өктемдік саясатының салдары алдымен қазақ зиялыштарына тиді. Қазақ тарихының 1920-1950 жылдары ең ауыр кезең, жаппай құғын-сұргін қазақ оқығандарын қынадай қырып, жазықсыздан-жазықсыз «халық жауы» атанип, Сібірге жер аударылып, ату жазасына кесілгені мәлім. Бұл – халқымыздың тарихындағы ең ауыр да қайғылы кезең болып есте сақталары сөзсіз. Сол замандағы озбыр саясаттың аяусыз қорлығына ұшыраған ұлт зиялыштарының есімдерін ардақтап, рухтарына құрмет көрсету бүгінгі ұрпақтың қасиетті парызы. Әлихан Бекейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов бастаған қазақ оқығандарын біріктірген бір ғана мақсат қайтсек қазақ халқын, мемелкетін сақтап қалу еді. XX ғасыр басындағы ұлт зиялыштарын ойландырған мәселелер, яғни елдің елдігін, ұлттың бірлігін, жердің тұтастығын сақтау, қазақ халқын өркениетті елдердің қатарына қосу, ол үшін қазақ елін ұйқыдан оятып, оқу, өнер-білім, іскерлік жолына салу, ең бастысы дербес мемлекеттігін құру, бүгін де, ғасыр сонында құн тәртібінен түсे қойған жоқ, тіптен ең зәру мәселеге айналып отыр. Олай

болса, ғасыр басындағы дағдарыстан шығудың жолын қарастырған алаш көсемдерінің теориялық ізденістері, практикалық қызметі бүгін де өз мәнін жойған жоқ.

Кеңес өкіметінің 1937-38 жылдарда жүргізген құғын-сүргін салдарынан талай боздақтарымыз қынадай қырылып, жазықсыздын-жазықсыз атылғаны мәлім. Бұл – халқымыздың тарихындағы ең ауыр да қайғылы кезең болып есте сақталары сөзсіз. Сол замандағы озбыр саясаттың аяусыз қорлығына ұшыраған ұлт зиялышарының есімдерін ардақтап, рухтарына құрмет көрсету бүгінгі ұрпақтың қасиетті парызы. Әлихан Бекейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржакып Дулатов бастаған ұлт көсемдерінің туған халқы үшін жасап кеткен өнегелі істерін бір тарихи мерзімнің өлшеміне салып бағалаудың өзі оңайға соқпас. Өйткені ұлтқа, оның болашағына қызмет етуді өздерінің асыл мұраттарына балаған арыстарымыздың еңбегі қашанда өлшеусіз [Б.Е.Алтаев, Қ.Ш.Әлімғазинов, А.А.Башмаков, Қазақ мемлекеттілігі және Алашорда кітабы-720б, Алматы, «Литера-М» ЖШС-2018. 625 б].

Еліміз егемендік алдып, Тәуелсіздігімізді тұғырына қондырған кезенде Алаш арыстарына деген құрметте ерекше бола түспек. Өйткені Алаш арыстарының көксеген ой-арманы да қазақ елінің өз алдына дербес мемлекет атануы еді. Бүгінгі таңда Алаш қайраткерлерінің есімдерін түгендеу, кітаптарға, жинақтарға енгізу, еңбектерін жария ету жұмыстары кең көлемде жүргізіліп жатса да әлі де талай боздақтарымыздың өмірлері зерттей түсуді қажет етеді. Солардың бірі – Асылбек Жұманұлы Сейітов.

Асылбек Жұманұлы Сейітов 1894 жылы 22 қаңтарда Омбы қаласында Батыс Сібір генерал губернаторы кеңесі аудармашысының отбасында дүниеге келген. Жұман сол кездегі «қазақтарды шоқындыру» саясаты бойынша шіркеулік білім алғаннан кейін аудармашылар мектебіне түсіп, оны аяқтап, кейін қаланың генерал-губернаторы кеңесіне тілмаш болып жұмысқа тұрады. Аудармашы, сол кезде тілмаш деп те атайдын қызмет жергілікті және дала қазақтарының қызмет сатысындағы ең жоғары билік сатысы еді. 1867-1868 жылдардағы әкімшілік реформа қазақ даласының байырғы тұрғындарына қызметтік тұрғыдан өсуіне қатты тұсау салып, әкімшілік баспалдақтың биік тұғыры қазақтар үшін тілмаштықпен шектелді. Сейітовтер отбасының алыс-жақын туыстары Эйтпенов, Шорманов, Үәлиханов сынды қазактың белгілі әулеттері болды. Өкінішке қарай, Жұман Сейітов дуниеден ерте өтіп, оның артында 26 жастағы жұбайы Қадиша Сейітова (Эйтпенова) баламен жесір қалады. Өмірдің барлық ауыртпашилығы Қадишаның нәзік иығына түседі. Қадишаның шыккан ортасы да қазаққа белгілі әулет еді. Ол Омбыда «Ұш жұз» партиясын құрған Мұқан Эйтпеновтің бір ата-анадан туған қарындасы [Б.Е.Алтаев, Қ.Ш.Әлімғазинов, А.А.Башмаков, Қазақ мемлекеттілігі және Алашорда кітабы - 720бет, Алматы, «Литера-М» ЖШС-2018. 626 б].

Омбының генерал-губернаторы Жұман қайтыс болғаннан кейін жесір ана Қадишаға үлкен үйін босатып қамқорлық жасайды. Қадиша сыйға берген үйін пансион етіп, оны оқуға келген балаларға жалға береді. Өздері 5 баласымен оның жаңынан соғылған шағын үйде тұрады. Пансионнан түскен

қаражатқа және патша қызметкерінің жесіріне беретін төлемақымен балаларын оқытады. Оларға сол тұстағы озық білім алуға жағдай жасайды. Сөйтіп, ұлкен ұлы Сұлтанбек - топограф, Мұсылманбек - мұғалім, Асылбек пен Мұратбек дәрігер мамандығын алады, ал ең кенжесі Омарбек жастайында қайтыс болып кеткен [Сая Молдайып // Үшеудің жазасы-2017ж. <https://yvision.kz/post/sheudi-zhazasy-762232>].

Сейітовтың ең дарынды және талантты балаларының бірі Асылбек. Сол кезде ол сирек кездесетін, әсіресе қазақтар үшін, үш сатылы білім: алғашқы сауатын шіркеу жанындағы жамағат мектебінен (приходская школа), кейін Батыс Сібір өнірінің беделді оқу орнында-Омбы классикалық ерлер гимназиясында білім алды. 1916 жылы Ақмола уезінде ауылшаруашылығы бойынша санақ жұмыстары жүргізілгенде А.Сейітов оның онтүстік бөлігі комиссиясын басқарады.. [Авторлары: Е.Тілешов, Д.Қамзабекұлы, И.Нұрахмет 149-150б-Алаш қозғалысы кітабы, Алматы, 528б.]. Ол өзінің ерекше табиғи қабілеттерінің арқасында 1911 жылы Ресейдің Азия бөлігіндегі ең көне университеттерінің-медицина факультеті Томск мемлекеттік университетінің студенті атанды. Осы оқу орнын бітіргеннен кейін 1917 жылы, Павлодар облысындағы Баянауыл бекетінде дәрігер болып еңбек жолын бастайды. Алексеев дәрігерлік бөлімінде дәрігер, Ақмола облыстық, санитарлық бюорода дәрігердің көмекшісі, Баянауылдағы дәрігерлік бөлімде ақ халатты дәрігер болған. «Қазақ» газетіне (1914, 23 наурыз) «Оқушыларға жәрдем жамғияты» деген оқушыларға жәрдем беретін үйім ашуды көтерген мақаласы жарияланған [Оқушыларға жәрдем жәмиғаты // Қазақ газеті-1914-№55, Алаш. Алаш Орда энциклопедия/Құраст.:Ғ.Әнес, С.Смағұлова - Алматы: «Арыс »баспасы,2009.-544 б]. Ол шет тілдерін жақсы менгерген. Газеттер мен журналдарда көп басылды. XX ғасырдың бас кезінде «Қазақ», «Айқап», «Таң» секілді басылымдарға халқының мұн-мұқтажын көтеретін мақалаларды үздіксіз жазып тұрған ұлтжанды, оқыған, зиялыш азamat Асылбек Сейітов еді. Ақ халатты абзал жан тек дәрігер ғана емес, сонымен қатар тұрлі аурулардың алдын алу, оларды емдеу жолдары мен құтімі туралы, оқу-ағарту ісіне де қатысты мақалалар жазып отырған. 1925 жылы «Таң» журналының № 1 санында «Білім тәрбие бөлімінде» Асылбек Сейітовтің «Құрт ауру», яғни туберкулез туралы мақаласы және 1925 жылы «Таң» журналының № 2 санында «Білім - тәрбие бөлімінде» оның «Құрт ауру» - «Балалар арасындағы құрт ауруы» деген мақаласы, 1925 жылы «Таң» журналының № 4 санында «Білім - тәрбие бөлімінде» оның «Ел ішіндегі науқастар және денсаулық қорғау жұмысы» атты мақаласы жарық көреді [«Таң» журналы 1925 № 1, № 2, № 4].

1925 ж. «Таң» журналының № 1 санында «Білім - тәрбие бөлімінде» Асылбек Сейітовтің «Құрт ауру» деген ауқымды мақаласы бірнеше бөлімдерге бөлінген: құрт ауру тұрмыстың жайсыздығынан күшеттің науқас; құрт аурудың себепкери, аурудың тұрлери; құрт ауру өкпеде кандай өзгеріс жасайды?; құрт ауру өкпеге қалай жабысады?; өкпеге жабысқан құрт ауру қалай білінеді?; өкпеге жабысқан құрт аурудан болатын қосымша науқастар;

адамның құрт ауру болған-болмағанын қалай айырады? [Құрт ауру, Балалар арасындағы құрт ауру, Ел ішіндегі науқастар және денсаулық қорғау жұмысы // «Таң» журналы 1925 № 1, № 2, № 4].

Ақпараттық-ағартушылық сипатта жазылған аталмыш мақаладан халық денсаулығына жаңы ашитын білікті дәрігердің жанайқайы байқалады. Осы мақаланың жалғасы 1925 жылы «Таң» журналының № 2 санында «Білім - тәрбие бөлімінде» оның «Құрт ауру» - «Балалар арасындағы құрт ауруы» деген атпен жарық көреді. Бұнда да автор көлемді мақаласын бірнеше бөлімге бөліп жазған: балалар арасындағы құрт ауру; ми қабына жабысқан туберкулез; буындарға, сүйекке жабысқан туберкулез; құрт ауруға бейімділік; құрт аурудан қалай сақтану керек? адамның денсаулығын күшету; құрт ауру-жазылатын науқас; құрт аурулыларды емдейтін орындар; құрт аураға не ем жасалады?

Жұқпалы аурулардың өршуін тоқтату үшін алдын ала емдік шаралар жасап, баспасөз беттерінде көптеген мақалалар жазған, оқырмандардың медициналық сауатын көтеруге атсалысқан.

Сондай ақ, 1925 жылы «Таң» журналының № 4 санында «Білім - тәрбие бөлімінде» оның «Ел ішіндегі науқастар және денсаулық қорғау жұмысы» атты мақаласы және оның жазғы оқытушылар курсына арналған «Ағарту жолында не шара қолдануымыз керек?» деген мақаласы жарық көреді. Бұл көлемді мақалалар бірнеше бөлімнен тұрады: балалар өлімі; әйел науқастары; жұқпалы науқастар (құрт ауруы); тері науқастары.

«Ел ішіндегі науқастар және денсаулық қорғау жұмысы» атты мақаласында Асылбек Сейітов өз сөзін «Қазақ ішінде денсаулық жұмысы бұл күнге шейін тіпті жүргізілмеді деуге болады. Ел арасындағы аурулар туралы жиналған мағлұмат жоқтың қасында. Қазақтың тұрмыс салтының денсаулық сақтау ғылымы айтатын тұзу жолға қандай жерлері үлеспейтінін әдайілеп қарастырған бір дәрігер жоқ», деп бастай келе, қазақ арасындағы балалар және әйелдер өліміне қатысты әлемдегі статистикалық мәліметтерді келтіреді, соның негізінде ел ішіндегі денсаулық шараларына қатысты қоқейкесті мәселелерді қозгайды. Қазақ арасында өзге елдермен салыстырғанда балалар мен әйелдердің өлімі өте жоғары екенін нақты сандармен көрсетеді. Соның ішінде 1 жасқа жетпей шетінеп кететіні өте көп. Автор өз мақаласында бұл туралы мынадай деректе келтіреді: «... жалпы совет Русиясының аймағын алсақ, бір жылда туған балалардың бір жаска жетпей әр түрлі аурудан 100-ден 25-і өліп отырады. Біздің губерниядағы санақ бөлімінің айтуына қарағанда Семей губерниясындағы қазақтан туған баланың 100-нен бір жасқа жетпей өлетіні 48, - дей келе, Европа елдеріндегі санақты да салыстырып айта кетеді: «...Германияда 100 баладан 1 жасқа жетпей өлетіні 17 бала, Францияда - 13, Англияда - 11, Швеция, Норвегияларда 7 бала», - деп өлімнің шет мемлекеттерде аз болуы, ол мемлекеттердің тазалығында, оқығандығында, бала күтімінің жоғары болуында деп жазады [Б.Е.Алтаев, Қ.Ш.Әлімғазинов, А.А.Башмаков, Қазақ мемлекеттілігі және Алашорда кітабы-720бет, Алматы, «Литера-М» ЖШС-2018. 630 б]

1931-1933 жылдары ол әйелі Нафиямен бірге көрші аймақтан Семей қаласына келген жұздеген жерлестерінің өмірін сақтап қалды. Аштықтан құтқарылғандардың арасында көрнекті тарихшы Ермұхан Бекмаханов та болды. Алаш қайраткерінің қызы Роза Асылбекқызы осы ауыр күндерді осылай еске алады: "Менің есімде 1932-1933 жылдар болды. Біздің үйді аш жерлестер басып алды. Әкем мен анам оларға қол ұшын созып, бір нәрсеге көмектесуге тырысты. Олардың көпшілігі бізге алыс Баянауылынан келді. Бұл туыстар емес, жерлестер еді. Әкесіне шығын келтірмеу үшін анам өзінің отбасылық күмісін, алтынын Торгинге тапсырды, өйткені тек сол жерде осы адамдарға арналған маталар мен аяқ киімдерді алуға болады, олардың арасында Жантемірлердің отбасы да болды, екеуі де зейнеткерлер, соңғы уақытқа дейін партияның Орталық комитетінде жұмыс істеді" [#Алаш100: АСЫЛБЕК СЕЙТОВ//Кабульдинов.<https://e-history>].

Талқылау. «Әйел науқастары» атты мақаласында қазақ әйелдерінің ішінде науқас әйелдер көптігін, не себептен ауыратындықтарына тоқталып, олардың алдын алу мен емдеу шараларына байланысты өз ойын білдіреді. Бала өлімін азайту, жүқпалы аурулардың алдын алу үшін ұсыныстар енгізеді: «Бірінші, сондай жүқпалы дертердің жалпы халық арасына жайылмауына қам істелу болса, екіншісі, ел ішінде жас балаларды тұзу тәрбиелеу туралы білім таратып, балалар тәрбиелеуін көрсететін үлгілі тәрбие орындарын ашу керек», - десе қазақ әйелдерінің өлімін азайту үшін, олармен күресудің тұзу жолы: «Бірінші, әйелді жастай күйеуге беруді тиятын занды берік тұтыну. Халыққа ол заның түпкі магынасын түсіндіру, екінші, қазақ арасында әйелдерге үлгі көрсетіп, тұзу босанудың тәртібін түсіндіретін аналар үйін (екі қабат әйелдер босанарда жататын үй) және үйді үйге барып жәрдем ететін акушеркалар (босанған әйелге жәрдем ететін әйел дәрігер) көмегін жетістіру», - деп ашып айтқан болатын [Б.Е.Алтаев, Қ.Ш.Әлімғазинов, А.А.Башмаков, Қазақ мемлекеттілігі және Алашорда кітабы-720бет, Алматы, «Литера-М» ЖШС-2018. 631 б].

Асылбектің идеялық көзқарастары және оның Алаш партиясына келуі.

Алаш - XX ғасырдың саясат майданында басында қазақтың азаттығы үшін күрескен кайраткерлердің мықты толқыны. Атап айтқанда Ә. Бокейхан, А. Байтұрсынов, М. Дулатұлы, Е. Омаров, М. Жұмабаев З. Құдайбердіұлы, Халел, Жалел Досмұхамедовтер, М.С. Садуақасов, Т.Телжанов секілді ірі коғам қайраткерлері өз халқына өлшеусіз еңбек сінірді. Олар ағартушылық қызметті қазақтың саяси тынысы мен әлеуметтік тіршілігіндегі ең кажет, ең иғілікті әрекет деп қабылдады және оқу-ағарту жұмысы туған халқына теңдік, азаттық, бостандық алып беретін бірден-бір эволюциялық жол деп ұғынды. Олар 1917 жылдың ақпан, қазан төңкерістерінен кейін монархиялықтан, республикалық билік жүйесіне көшкен Ресейдің құрамында «Алаш» автономиялы Республикасын құрады. Бірак, Алаш автономиясының өмірі ұзаққа бармады. Ресей патшалығының отарында болған өлкелерге коммунизм идеясымен «каруланған» большевиктер билігі толық орныққаннан кейін,

кейбір зиялыштар ел мұддесі үшін коммунистік партияның мүшелігіне өтіп, халқына қызмет етуді жалғастырады. Ендігі бір топ алаштықтар большевиктер партиясына өтпегендіктен биліктен аластатылып, олар елге деген қызметтерін оқу-ағарту, денсаулық салаларында жалғастырады [Алаш Орда энциклопедия / Құраст.:Ғ.Әннес, С.Смағұлова.-Алматы: «Арыс »баспасы,2009.-544 б].

Алаш зиялыштарының қатарында А. Сейітовтың алатын орны ерекше. Ол - орысша білім алған, қоғам қайраткері, дәрігер. Асылбек Сейітов өте курделі де қын ғұмыр кешкен тұлға. Асылбек Сейітов сынды патриот, ұлтжанды қайраткердің қызметін шынайы, объективті бағалау бүтінгі тәуелсіз Қазақстанның жеткіншектерін патриотизмге, ұлттық рухқа тәрбиелеу үшін аса қажет.

Университетті үздік бітірген Асылбек Омбыға қайта оралып, Баянауылдағы дәрігер қызметіне орналасты. 1917 жылы Орынбор қаласында өткізілген I жалпықазақ съезіне делегат болып сайланған. Съезд президумының төрағасы Халел Досмұхамедұлы, қосалқы төрағалар Ахмет Байтұрсынұлы, әл-Мұхамед Көтібарұлы, ал хатшылық қызметті Міржақып Дулатұлымен бірге Асылбек Жұманұлы аткарды. Сол жылдың тамызы айында Ақмолада «Алаш» партиясын құру туралы қаулы қабылдаған уездік съезд өтіп, оның жұмысына Асылбек қатысқан. Алаш партиясының №5 сайлау округінің құрылтай жиналышына үміткерлер тізімінде Әлихан Бекейхан, Айдархан Тұрлыбек, Әлімхан Ермек, Халел Ғаббастан соң Асылбек Сейітовтің есімі тұр.

**№165
ИЗ СПИСКА СТЕПНОГО ИЗБИРАТЕЛЬНОГО
ОКРУГА**

Не ранее декабря 1919 г.¹

Сп[исок] №4 Кирг[изской] парт[ии] «Алаш».

1. Бухейманов А.Н.
2. Турлубаев А.Т.
3. Ерменов А.А.
5. Сейитов Асла бек Дмушанович
4. Габбасов Х.А.
6. Богатов М.З.
7. Итбаев Е.И.
8. Ахлаев Я.А.
9. Джанайдаров С[...]бек М.
10. Маркоков Р.М.
11. Тлеулин Д.Т.
12. Сарсенев Б.А.С.

1916 жылы Әлихан Бекейханмен кездесіп, Алаш партиясының белсенді мүшесінің бірі болып кіреді. Сол жылдың бүкілреспейлік санақтың Даалық өлкеде жүргізілген науқанына қатысады. Бұл туралы С. Сейфуллин «Тар жол, тайғақ кешу» романында былай жазған: «Ақмола уезінің барлық қазақ елін оңтүстікке және солтүстікке бөліп, екі жағына екі санақ комиссиясы шықты. Оңтүстікке шықкан санақ комиссиясының бастығы Томск университетін сол

жылы ғана бітірген Асылбек Сейітұлы да, солтүстікке баратын санақ комиссиясының бастығы мен болдым», - деп жазады [Сейфуллин С. Тар жол тайғақ кешу.-358б. Тарихи-мемуарлық роман: әңгіме. – Астана: Аударма, 2011 - 480 б].

Асылбек Сейітов үлкен көлемдегі қын жұмыс орындауы керек еді. Жұмыс басталды, бірақ оны соңына дейін жеткізу мүмкін болмады, себебі халық толқулары басталды. 1916 жылғы 25 маусымдағы оқиғалар екі топты да қысқартуға мәжбүр етті. Сәкен көтерілішшілердің шабуылынан құтылып кетсе де, Асылбек Сейітов экспедициясы өте жағымсыз оқиғаға тап болды. Оны Сәкен өз жұмысында: "Мен қалада (Ақмола) тұрдым. Көшелерде бұрынғы әндер, бұрынғы қоңылді үн естілмеді. Қорқынышты қала қауесетке айналды. Көп ұзамай дәрігер Асылбек Сейітов бастаған Онтүстік болыстардан санақ комиссиясы келді. Қазақтар-тиналиндер мен темештер оларды қатты ұрыпсоғып, байлан тастағаны белгілі болды, олар бастиарын қырып, бірнеше күн бойы мұсылман тілінде дұға етіп, комиссияны Ақмола саудагері Балуан Жұман босатқанға дейін түрмеде ұсталды.

Негізгі бөлім. 1917 жылдың желтоқсан айында Орынборда II жалпықазақ съезі өткізіліп, Алашорда үкіметі құрылды. Омбыдағы Алашорда комитеті құрылып, оның құрамына Мағжан Жұмабай, Айдархан Тұрлыбай, Баймұхамбет Серкебай, Асылбек Сейітов, Мұсылманбек Сейітов, Асылбектің ағасы және тағы басқалар енгізілді. 1918 жылдың мамыр айында Омбыда Алаш партиясының тұғырнамасын қабылдаған «Бірлік» жастар үйімі құрылды. Үйім жетекшілерінің құрамына Асылбек және Мұсылманбек Сейітов енгізілді. Сол уақытта Семейде құрылған «Жас азамат» үйімі құрылып, оның құрамына Мұратбек Сейітов (Асылбектің інісі) мүше болып кірді. Асылбек және оның туған ағайындары жастар үйімдарының жұмыстарына да белсенді түрде араласты. 1918 жылы Омбыда құрылған жастардың «Бірлік» үйімі жетекшілерінің бірі осы Асылбек және Мұсылманбек Сейітовтер еді. Асылбектің туған ағасы Сейітов Мұсылманбек Жұманұлы 1887 жылы 15-ші шілде күні дүниеге келген экономист, «Алаш» қозғалысының кайраткері еді. Мұсылманбек Сейітов Омбы мұғалімдер семинариясын бітіріп, «Бірлік» үйімінің белсенді мүшесі болып қана қоймай, сонымен қатар «Балапан» журналын шыгаруға қатысты. 1917 жылы Ақпан төңкерісінен кейін Омбы облыстық Қазақ комитетінің мүшесі ретінде саяси қызметін бастады. Мұсылманбек Сейітов Омбы облысының тұңғыш Жалпықазақ съезінде Бұқілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат болып ұсынылды. Совет өкіметі орнағаннан кейін Омбыда мұғалім, кейіннен Павлодар облысында экономист қызметтерін атқарды [Б.Е.Алтаев, Қ.Ш.Әлімгазинов, А.А.Башмаков, Қазақ мемлекеттілігі және Алашорда кітабы-720бет, Алматы, «Литера-М» ЖШС-2018. 628 бет].

1916 жылы ол Әлихан Бекейхановпен және басқа да көптеген білімді дала адамдарымен танысады. Оны Мағжан Жұмабаевпен ерекше достық байланыстырады. 1917 жылдың көктемінде Асылбек Сейітов Ақмола

облыстық қазақтар съезіне қатысып, Атбасар, Ақмола, Көкшетау, Петропавл, Омбы уездерінің 250 делегатын жинағы. Съезге беделді зангер А. Тұрлыбаев төрағалық етті. Бұл съезде мемлекеттік құрылымның болашағы, дін, сот ісін жүргізу, жер, қазақ земство комитеттері, әйелдердің білімі мен жағдайы мәселелері қаралды. Бұл шілде айындағы Бүкілқазақ съезінің алдындағы маңызды іс-шара болды. Тұрақты жұмыс істейтін орган – 10 адамнан тұратын Ақмола облыстық атқару комитеті құрылды [#Алаш100: АСЫЛБЕК СЕЙТОВ//Кабульдинов. <https://e-history.kz>].

Осы съезде А.Сейітов Ақмола облысы атынан Құрылтай жиналышына депутатыққа сайланған. Осы Құрылтайға сайланған депутаттарға баға берілгенде «Қазақ» газеті ол туралы: «Асылбек Сейітов - жас доктор, ақ қағаздан ақ, ұлтшыл жас. Областной қазақ комитетінде председатель орынбасары» - деп жазған еді [facebook.com/story.php]. А.Сейітов Алашорданың Ақмола облыстық комитеті басшыларының бірі бола отырып, ұлт-азаттық қозғалысына үлкен үлес қосты. 1921 жылы Орынборда өткен Қазақстан дәрігерлерінің съезіне, 1922 жылы Қазақ АКСР-і кеңестерінің съезіне делегат болып қатысты. Ол Баянауылда бас дәрігер қызметін атқарған. Дәрігер Асылбек Сейітов шешек ауруына қарсы екпе егу қажеттігін, құрт ауруын емдеуге арнайы диспансер салу қажеттігін, тері ауруларын болдырмау үшін тазалық керектігін, монша салу жұмыстарын жолға қоюды ұсынады және соған өзіде атсалысады.

1922 жылдан бастап 15 жыл бойы Семей қаласындағы губерниялық денсаулық сақтау басқармасының бастығы болып жұмыс істеді. Замандастары оны жүздеген және мындаған жерлестерін аурудан құтқаратын эпидемия орындарында жиі көрген [#Алаш100: АСЫЛБЕК СЕЙТОВ//Кабульдинов.3.Е.<https://e-history.kz>]. Азаматтық соғыс, аштық және күйреу жылдарында өзінің шағын ұжымымен әскери фельдшер Белдениновпен, фельдшерлер Габбас және Шайбай Аймановпен бірге іш сүзегімен, безгекпен, тырысқақпен, туберкулезбен және басқа да жүқпалы аурулармен қресті. Шайбай Айманов өзінің тәлімгері және бірлескен жұмысының қыын жылдары туралы былай деп жазды: "Бельденинов, Размазнов, 4 медбике іш сүзегінен қайтыс болды және Асылбек Сейітов жалғыз жұмыс істеуге мәжбүр болды, жұмысшыларды талап ететін жер болмады, өйткені Павлодарда да, Ақмолада эпидемия өршіп тұрды, Ақмола, Павлодармен салыстырғанда жұмысшылар жетіспеді [/#Алаш100: АСЫЛБЕК СЕЙТОВ //Кабульдинов.3.Е. <https://e-history.kz>]. "Біздің ауданда өлім-жітім әлдеқайда төмен болды." Семей облысында туберкулезді емдейтін «Ауыл» және «Березовка» санаторийлерін ашуға ат салысты (ол емдеу орындары осы күнге дейін жұмыс істейді). Республиканың денсаулық сақтаудың көрнекті үйимдастырушысы ретінде ол Орынбор қаласындағы автономды Қазақстанның бірінші астанасында дәрігерлер Съезінің және кеңестердің бірінші съезінің делегаты болды. Практикалық жұмыстармен қатар ол қоғамдық-саяси қызметпен айналысады тоқтатқан жоқ. Сонымен, ай сайынғы "Таң" қоғамдық-саяси және әдеби-өлкетану журналының беттерінде өзекті

мақалалармен сөйледі [Құрт ауру, Балалар арасындағы құрт ауру, Ел ішіндегі науқастар және деңсаулық қорғау жұмысы атты мақалалар жинағы//Таң журналы 1925-№1, №2, №4,3-86]. 1925 жылы «Таң» журналында оның жазғы оқытушылар курсына арналған «Ағарту жолында не шара қолдануымыз керек» атты мақаласы жарық көреді. Бұл мақалада дәрігер Асылбек Кенес үкіметі қолға алып жатқан оку ісінің бағдарламасының маңызын түсіндіруге ұмтылады. Бұрынғы оқу мен Кенес кезіндегі білім саясатының айырмашылығын көрсетуге тырысып, мақаласын 3 тарауға бөліп қарастырып, оқылатын сабактың мазмұны мынадай нәрселерге құрылуы тиіс деп санайды: біріншіден, баланың аймағындағы еңбек түрлері мен шаруа әдістерінен хабардар болуына жол ашылуы қажет; екіншіден, сол жердің шаруасы құрылған жаратылыс пен танысу, сырын білуі тиіс; үшіншіден, қоғамның тәртібі тұрмысынан хабардар болуы керек [Таң журналы 1925, №1].

Асылбек Сейітовтың бұл мақаласы Семей губерниясы мұғалімдерінің жазғы курсына арнағы жазылғандықтан білім жетілдіру мәселесі, курста жүргізілетін пәндер мен сағат көлемі туралы да мәлімет береді, оның мән-маңызын айқындағы. 45 күндік курска 255 сағат уақыт жалпы білім (әдебиеттану, математика)-75 сағат, аймақтану-94 сағат, тұрмыс жүйесі саясаты-38 сағат, тәрбие негізі жаңа мектептің оқу жоспары - 1 сағат, оқу құралдарымен танысу- 48 сағатқа жоспарланғанын айта келе, осы жаңа курстан алған білімді оқушыларға қалай жеткізу керектігіне көніл бөледі.

Автор тіл сабактарына қатысты өзінің пікірін білдіреді: Ел мұғалімінің көбі балаға хат танытып жазу жаздыру Һем тіл жобаларын (тіл құрал) үйретуден әрі бара алмайды. Мектепте тіл сабактары оқудан мақсат жалғыз хатқа жүйрік қылыш шығару емес. Қалың елдің неше жұз жылдық тарихында теріліп келген көп әңгіме, қиссалар, кестелі мағыналы сөздер бар. Аузында жүрген терілмеген тәртіпке салынбаған әңгімелерді мұғалімдер көбі естіген біледі, бұл әңгімелер бос әңгімелер ретінде олардың тарихи дәуірдің сәулесі есебінде қаралмай, сынға салынып, сол дәуірдің мәдениеті, тұрмысы, салты санасының айнасы екендігі ашылмай келеді» [Авторлары:Б.Е.Алтаев, Қ.Ш.Әлімғазинов, А.А.Башмаков, Қазақ мемлекеттілігі және Алашорда кітабы-720бет, Алматы, «Литера-М» ЖШС-2018. 632 бет].

Алматыға жұмысқа ауыстыру.

1937 жылы маусымда ол Казнаркомзздрав (Қазақ халық Деңсаулық сақтау комиссариаты) білім менгерушісі лауазымына шақырылды. Осыған қарамастан, ол дәрігерлік тәжірибесін тастан кеткен жоқ. 1937 жылдың қараша айының соңында Қазақстанның Наркомзздрав жөніндегі Халық Комиссариатының жоспарлау бөлімінің бастығы А. Сейітовке темекі фабрикасы жанындағы амбулатория базасында Алматы қаласында емхана үйимдастыруды тапсырды. Ол өз ведомствоның тапсырмасын мерзімінен бұрын орындағы: 1937 жылы 25 қарашада Алматы қаласында № 5 емхана жұмыс істеді және Асылбек ұжым жиналысының жалпы шешімімен бірауыздан оның алғашқы бас дәрігері болып сайланды. Емхана темекі фабрикасына іргелес бір қабатты ғимаратқа орналастырылды, оның штатында

бар болғаны 3-4 дәрігер, 18 мыңға жуық адамның қажеттіліктерін қамтамасыз етті [<http://library.arsu.kz/wp-content/uploads/2019/01/Seitov.pdf>].

Алашқа адал қызмет еткен ардақты азамат. Алаш қайраткері, атақты дәрігер Асылбек Сейітов туралы үзік сыр.

Кеңес өкіметінің 1937-1938 жылдарда жүргізген құғын-сүргін салдарынан талай боздақтарымыз қынадай қырылып, жазықсыздын-жазықсыз атылғаны мәлім. 1937-1938 халқымыздың тарихындағы кезекті ауыр да қайғылы кезең болып есте сақталары сөзсіз. Сол замандағы озбыр саясаттың аяусыз қорлығына ұшыраған ұлт зиялышарының есімдерін ардақтаپ, рухтарына құрмет көрсету бүгінгі ұрпақтың қасиетті парызы. Әлихан Бекейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов бастаған ұлт көсемдерінің туған халқы үшін жасап кеткен өнегелі істерін бір тарихи мерзімнің өлшеміне салып бағалаудың өзі оңайға соқпас. Өйткені ұлтқа, оның болашағына қызмет етуді өздерінің асыл мұраттарына балаған арыстарымыздың еңбегі қашанды өлшеусіз. Еліміз егемендік алыш, Тәуелсіздігімізді тұғырына қондырған кезеңде Алаш арыстарына деген құрмет те ерекше бола түспек. Өйткені Алаш арыстарының көксеген ой-арманы да қазақ елінің өз алдына дербес мемлекет атануы еді. Бүгінгі таңда Алаш қайраткерлерінің есімдерін түгендеу, кітаптарға, жинақтарға енгізу, еңбектерін жария ету жұмыстары кең көлемде жүргізіліп жатса да әлі де талай боздақтарымыздың өмірлері зерттей түсуді қажет етеді. Солардың бірі – Асылбек Жұманұлы Сейітов. Сейітов «Алаш» партиясының белсенді мүшесінің бірі әрі оның хатшысы болады. Асылбектің оқу бітірген кезі елдегі саяси-қоғамдық өзгерістермен тұспа-тұс келеді. Ол сол кезде бүкіл елде қолға алынған ауыл шаруашылық санағын жүргізу жұмысына атсалысты [<https://dspace.enu.kz/jspui/bitstream/data/2822/1/Seitov-Asilbek.pdf>].

А.Сейитовтың дәрігерлік қызметі.

А.Сейитовтің бастамасымен және тікелей қатысуымен туберкулез дертіне шалдыққандарды емдейтін «Ауыл» және «Березовка» санаторийлері құрылды [<http://library.arsu.kz/wp-content/uploads/2019/01/Seitov.pdf>]. Асылбек Сейітов Республика денсаулық сақтау саласының көрнекті ұйымдастырушысы ретінде ҚазАССР-нің астанасы Орынбор қаласында өткен дәрігерлердің бірінші съезінің және бірінші Кеңестер съезінің делегаты болып қатысты. 1937 жылы Қазақ халықтың денсаулық сақтау комитетіне бөлім менгерушісі болып шақырылды. Бірақта дәрігерлік қызметін тастамай оны да бірге атқарып жүрді. Асылбектің ел ішіндегі абыройы жоғары болғаны сонша, оның қолынан ем алыш, өлім аузынан аман қалғандары есепсіз көп болды. Соның бірі ҚазПИ-дің доценті болған, тарихшы Сәдуақас Құрманғалиұлы Бакшилов былай деп жазған: «1929 жылы өкпе ауруынан өлім халіне жеткенімде, мені емдеп, қатарға қосқан Асылбек Сейітов ағамыз еді. Ол кісі өте мейірімді, ақкөніл, жұмсақ мінезді адам болатын» дейді [#Алаш100: АСЫЛБЕК СЕЙТОВ//Кабульдинов. <https://e-history>].

Асылбек Сейітовтің өзі де бір сөзінде: «Мен ең алдымен дәрігермін және менің басты міндеттім – ем көрсету, көшпелі өмір салтынан түрлі ауруларға

душар болатын халқымның денсаулығын сақтау, қорғау» деп айтуы тегін емес. Ол түрлі науқастарды ауыр дертінен жазып, оба, сұзек, шешек сияқты жүқпалы аурулармен жан аямай күрескен. Жүқпалы аурулардың өршүін тоқтату үшін алдын ала емдік шаралар жасап, баспсөз беттерінде «Тән саулығын сақтау» тақырыбында қазақ және орыс тілдерінде мақалалар жариялады, оқырмандардың медициналық сауатын көтеруге атсалысқан [<http://library.arsu.kz/wp-content/uploads/2019/01/Seitov.pdf>].

Замандастары Асылбек Сейітовті атак-данққа қызықпайтын, барықыласын адамдарға қызмет ету жолына бағыштаған, еңбексүйгіш азамат ретінде танып білген.[«Ана тілі» газеті. 2013-№15(1169)]1937 жылдың қараша айының соңында А.Сейітовке Алматы қаласындағы темекі фабрикасының жанындағы амбулатория базасында емхана үйымдастыру жұмысы тапсырылды. Ол өзіне жүктелген міндettі мерзімінен бұрын орындағы. 1937 жылдың 25-қарашасында №5 емхана ашылып, оның бас дәрігері болып көпшіліктің бірауыздан қолдауымен Асылбек Сейітов сайланады. Алайда ол өз қолымен құрған емхананы бар болғаны 5-ақ күн басқарады. Себебі, Асылбек Сейітовке кеңес өкіметіне қарсы сөз айтты, қазақ жерінде аштықты қолдан үйымдастыры деп жала жапты деген желеумен «қылмысы» небәрі үш-ақ «тексеріліп» 1937 жылы 4 желтоқсанда ату жазасына кесіліп, бұл үкім сол күні-ақ орындалған. Сөйтіп, ағайынды үшеу бір жылда жазықсыздан жазықсыз сталиндік зобалаңның құрбаны болды [Сая Молдайып//Үшеудің жазасы-2017 /

<https://yvision.kz/post/sheudi-zhazasy-762232>]. Жалғыз Асылбек кана емес, бүкіл Сейітовтер әuletінің қасіретті жылдары осы күннен басталады. Асылбектің ағасы, сол тұста білікті экономист Мұсылманбек те, Көкше өнірінде айтулы дәрігер інісі Мұратбек те бауырларының тағдырын күштеп, ату жазасына кесілді. Сөйтіп, ағалы-іні ағайынды З бірдей Сейітовтер қуғын-сүргінге ұшырады [Қазақ газеті. Құраст.: Ұ.Сұханбердина, С.Дәуітов, Қ.Сахов-Алматы:Қазақ энциклопедиясы-5026. 1998-560 б].

Асылбек Сейітовтың Нафия Шормановаға үйленуі және отбасылық өмірі.

Асылбектің жары, әйелдер гимназиясында оқып, білім алған Нәфия Шормановтар әuletінің ұрпағы. Жастайынан көрікті, өте сұлу болып өседі. Әкесі – Сәдуақас Шорманов аға сұлтан Мұса Шормановтың үлкен ұлы. Ал Мұса Шорманов қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уәлихановтың нағашысы. Демек, Нәфияның текті жердің, атақты әuletтің қызы болғаны осыдан-ақ белгілі. Сәдуақас Шорманов ауыл жастарының білім алып, сауатсыздықтан, қараңғылықтан арылуына көп еңбек еткен адам. Өзі де көзі ашық, көкірегі ояу елағасы ілім-білімге өте жақын болған. Сәдуақас Шормановтың жазған өлеңдері «Айқап», «Дала уәләяты», «Қазақ» газеттерінде жиі жарияланып тұрған. Ауыз әдебиетінің інжу-маржандарын және халық ақындарының жырларын жинап, оны Петербордан бастырып шығаруға қарекет жасаған. Бірақ, ол еңбек сол күйі жарыққа шықпай қалады. Ал неліктен шықпай қалғаны белгісіз. Бір білетініміз, оның қолжазбасы Санкт-Петербургтің

Салтыков Щедрин атындағы кітапханасында күні бүгінгө дейін сақтаулы тұр. Шоқан шығармаларының жарық көруіне Сәдуақас Шормановтың тікелей ықпалы болғанын айта кеткен жөн. Петербор университетінің проректоры, профессор Н.И.Веселовскийге Шоқанның өмірбаянын жасақтауға көмектесіп, кітапқа қажет басқа да шаруаларды тындырып, қол ұшын созған. Бұл туралы мәліметтер Шоқанның ежелгі досы Потаниннің Веселовскиймен және Канатаевпен жазысқан хаттарында кездеседі [<http://library.arsu.kz/wp-content/uploads/2019/01/Seitov.pdf>].

Сәдуақас Шорманов Омбы қаласына ауыл жастарын оқуға әкеліп жүріп, бір келгенінде күзінде оты бар, сымбаты бөлек, білімді, алғыр Асылбек Сейітовпен танысып, оның өзінің бойжетіп қалған қызы Нәфияға жар етуге лайықты көреді. Асылбек ол кезде Томск медицина университетінің студенті болатын. Үйіне демалысқа келген беті. Өмірден көрген-түйгені мол Сәдуақас Шормановты Асылбектің ұстамдылығы, білімділігі, ойының ұшқырлығы тәнті етеді. Ойланған келе, жан дегендегі жалғыз қызы Нәфияны Асылбекке қалындыққа беруді ұйғарады. Жалғыз деп отырғанымыз Сәдуақаста Нәфиядан басқа перзент болмаған. Нәфия Сәдуақастың үшінші әйелі Сақыпжамалдан туған қызы. Сәдуақастың алғашқы әйелі Шоқанның қарындасты Шыңғыс сұлтанның Зейнептен туған қызы – Нұрида. Ол жастай қайтыс болып, одан бала сүймеген. Екінші жары–Айтбақы деген дәүлетті кісінің қызы Зейнеп. Одан да бала көрмейді. Сөйтіп жүрген шағында сол Зейнептің айтуымен екі баласы бар жесір әйел Бадығұлжамалға үйленеді. Жалпы Сейітовтер отбасында бес ағайынды болған. Үлкені, араларындағы жалғыз қызы Жамал, одан кейін Мұсылманбек, Сұлтанбек, Асылбек, Омарбек және Мұратбек (Бұлардың ішінде Мұратбек пен Мұсылманбек те құғын-сұргін құрбандарына айналды). Барлығы Омбы қаласында дүниеге келген. Жас кезінде Омбыға оқуға келген әкесі Жұман сол кездегі «қазақтарды шоқындыру» саясаты бойынша шіркеулік білім алғаннан кейін аудармашылар мектебіне түсіп, оны аяқтап, кейін қаланың генерал-губернаторы қенсесіне қызметке тұрады. Қадиша деген қызбен көңіл жарастырып шаңырақ көтереді. Екеуі алты баланды өмірге әкелгенімен, балаларының қызығын көруді тағдыр Жұманға жазбайды. Ол ертерек дүние салады. Өмірдің барлық ауыртпалығы Қадишаның нәзік иығына түседі. Омбының генерал-губернаторы Жұман қайтыс болғаннан кейін оның отбасына үлкен үйін босатып қамқорлық жасайды. Қадиша осы үйдің бір бөлігін оқуға келген ауыл балаларына арнап пансионға айналдырады. Сол үйге жоғарыда айтқанымыздай, Сәдуақас Шорманов ауылдың балаларын оқуға әкеліп жүріп, Қадишаның ұлы Асылбекпен танысып, жастардың көңіл қалауымен қызы Нәфияны Асылбекке ұзатады.

Асылбек Сейітовтің екінші қызы Клара жетпістің бесеуіне келген кейуана. Үлкені Роза осыдан көп жылдар бұрын дүние салған. Ардақты ұстаз болып, еліміздің білім саласына еңбек сіңірген тұлға. Сіңілісі Клараны өз қамқорлығына алышп өсірген. Клара Асылбекқызы әке есімін ардақтау жолында ғұмыр кешіп келеді. Әкесі туралы көптеген мақалалар жазып, олар

Алаш қайраткерлері туралы бірталай еңбектерде көрініс тапқан [<http://library.arsu.kz/wp-content/uploads/2019/01/Seitov.pdf>].

Клара апамыздың қолға алып, бастама көтеруімен бүгінде әкесі Асылбек Сейітовке Алматы, Семей қалаларынан көше аттары берілді. Алматыдағы өзі негізін қалаған №5 емханаға мемориалдық тақта орнатылды. Клара Асылбекқызының ендігі арманы аталған емханаға әкесінің атын бергізу. Бірақ бұл тілегінің орындалмай келе жатқанына бірнеше жылдың жүзі болыпты... Эпкесі Роза екеуі «Халық жауының балалары» деген аттан Кеңес өкіметі кезінде талай қорлық көрсе де, мойымай, шыдап баққан. Әкелерінің есімін мақтаныш еткен. Оның жазықсыз екенін сезген. Иә, қазақ елінің ардақты ұлдарының бірі Асылбек Сейітов 1957 жылы «қылмысы жоқ» деп ақталса да, оның есімі 60 жыл бойы тарих бетінен сзыылған болатын. Еліміз Тәуелсіздік алдып, Алаш қайраткерлерінің мұралары қайта түгенделе бастаған тұста, ұлтына адаптацияның қызмет еткен Асылбек Сейітовтің есімі де ел тарихында мәнгілікке сакталары сөзсіз [<https://dspace.enu.kz/jspui/bitstream/data/2822/1/Seitov-Asilbek.pdf>].

Сейітовтер ұлт-азаттық қозғалыс тарихында.

Қазақ халқының тарихында тұтас отбасылардың өз халқына қызмет етуінің көптеген мысалдары бар: мысалы, Сырдария өлкесінен ағайынды Қоңыратбаевтар, Баянауылдан Сәтбаевтар, Торғай өлкесінен Дулатовтар және тағы басқалар. Ағайынды Сейітовтер да ерекшелік емес. Олар өздерінің білімділігімен және өз халқына пайда әкелгісі келетіндігімен танымал болды. Сейітовтердің үш ағасы "Алаш" партиясының мүшелері болды, бұл солтүстік аймақтар үшін өте сирек кездесетін. Сейітовтердің екі ағасы медициналық білім алды, біреуі экономикалық білім алды. Мұсылманбек экономист болған, Сейіт Мұратбектің кенжесі өз замандастарының арасында лайықты беделге ие болған шебер хирург ретінде құрметке ие болған. Ол 1937 жылы Степняк қаласында тұтқындалып, Алаш қозғалысына қатысқаны үшін атылды. Сталиндік жүйе оларды Кеңес өкіметі құрылышының ең қын жылдарында қолдана отырып, тоталитарлық режим қүштейген сайын қажет емес деп тапты [<http://library.arsu.kz/wp-content/uploads/2019/01/Seitov.pdf>].

Әйелі мен қыздарының тағдыры.

1937 жылы 1-желтоқсанында тұтқындалып, он жыл мерзімге хат алmasу құқығының сопталады [<http://library.arsu.kz/wp-content/uploads/2019/01/Seitov.pdf>]. Бұл деген сөз атылу жазасы болатын. Асылбек атылған жылы оның соңында зар еніреп аяулы жары Нәфия, он төрт жасар қызы Роза, әлі дүние есігін ашып үлгермеген іштегі нәресте Клара Асылбекқызы қалады. Қайғы-қасіретке тап болған Асылбектің жары Нәфия Сәдуақасқызы Сейітова 1938 жылдың қаңтар айында қызы Розамен Омбы қаласына, Асылбектің туған жеріне қоныс аударады. Бірақ та күйеуі туралы жағымсыз хабар Омбыға бұлардан бұрын жетіп қойғандықтан, жерлестері «халық жауының» отбасынан бой тартады. Бір үйдің жертөлесінде тұрып жатқан орыс отбасы қол ұшын беріп, қамқорлығына алады. А.Сейітовті тергеу құжаттарымен танысу барысында оның тергелу кезінде өз-өзін лайық

ұстағаны байқалады. Ол бұрынғы алашордашы болған өз ағайындарын ғана емес, сонымен қатар Әлихан Бекейханов сынды Алаш қозғалысының көрнекті өкілдерін де қорғап қалғысы келген. Көзі ашық, көкірегі ояу азаматтың жазықсыздан-жазықсыз ату жазасына кесілуінен сол кездегі саясаттың «Алашорда үкіметіне қатысы барлардың да көзін жою» мақсатын ұстанғандарын байқау қыын емес. Асылбек Сейітовті білетін замандастары оны ең алдымен кәсіби дәрігер ретінде бағалайды. Оның қолынан емделіп шыққан адамдар оны «дерпті сылып тастайды» деп шексіз ризашылықтарын білдірген

[//#Алаш100: АСЫЛБЕК СЕИТОВ Кабульдинов.З.Е. <https://e-history>].

Сейітовтер, Шормановтар, Үәлихановтар және Айтпеновтар сияқты атақты отбасылармен тығыз байланыста болды. Сейітовтердың анасы-Хадиша Сейітова Омбыдағы "Ұш жұз" партиясының негізін қалаушы Айтпенов Мұқанның әпкесі болған. Жиырма алты жасар Хадиша Сейітова қүйеуі қайтыс болғаннан кейін алты баламен жалғыз қалды.. Көмекшісіне құрмет пен терең құрмет белгісі ретінде Даға генерал-губернаторы үйлердің бірін сыйға тартты. Бірақ бұл дана әйел жақсы, игі істер мақсатында жетім балаларын тамақтандыру мақсатында, бұл үйді Қазақстанның тұқпір-тұқпірінен келген, оқушы қазақ жастарына арналған интернатқа берді [Кабульдинов, З. Служил родной земле [Текст] / З. Кабульдинов // Казахстанская правда. - 2006. - 9 июня. - С. 8].

Асылбек Сейитовты ату жазасына кесуі.

1937 жылдың маусымы мен 3-желтоқсан аралығы Асылбектің өмірі мен қызметіндегі ең қысқа кезең болды. Ол Қазақ денсаулық сақтау комиссариатына бөлім менгерушісі болып қызметке шақырылды. 1937 жылдың 3 желтоқсанында ол қамауға алынды. Қамауға алу оның 14 жасар қызының көзінше жүргізілген. Қамауға алу барысында барлық Асылбектің құжаттары, отбасылық суреттері тартып алынған, кейіннен олар мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің архивтерінен жоғалып кеткен. Тек екі айдан соң түнгі сағат екіде оның жұбайы Нафия мен қызына шығарылған сот үкімін оқып берген. Үкім бойынша (ПХКБ ұштігінің қаулысы 04.12.1937 ж.) 10 жыл хат жазу қақынан, бас бостандығынан айырып шеткегі лагерьге жіберілген. Есімін ақтау анықтамасында үкімнің 1937 жылы 4 желтоқсанда шығарылғандығы жазылған. Қайтыс болған күні анықтама-куәлікте 8 желтоқсан деп көрсетілген. Нафия Сәдуақасқызы Шорманова (оның әжесі Шоқан Үәлихановтың анасы болған) қамауға алынудан сақтану үшін 1938 жылдың қаңтарында Алматыдан Омбыға қашып кеткен. Алайда Омбыда құсадан 1939 жылдың сәуір айында қайтыс болған. Кіші қызы Клара небәрі 8 айлық сәби болатын. Бағдарынан өткен ауыр жағдайға карамастан қыздары аман қалды, әкелерінің жаксы атын кайта жаңғыртып, еліне танытты [Алаш100: АСЫЛБЕК СЕИТОВ //Кабульдинов. <https://e-history>].

Асылбек Сейітовті ату жазасына кескен «Ұштіктің» шешімі бойынша оған «Алашорда» партиясының белсенді мүшесі, Кеңес аппаратын басып алу және орыстарды Қазақстаниң аластату жоспарларын талқылау жиындарына

қатысушы, 1927 жылы Кеңес билігінің салықтық шараларын орындаған, 1930-1933 жылы ауылда дәрігер болып, Кеңес өкіметіне қарсы үгіт-насихат жүргізді, халық жауы Бекейханов және т.б. байланыста болып, Қазақстандағы контреволюциялық мәселелерді талқылады» деген айыптар тағылған. Ұлттық рухы күшті, саясат желінің қалай қарай соғып тұрғанын жақсы білген Асылбек Жұманұлының Алашорда белсенділерінің бірі болуы да тегін емес еді. Тарихтан белгілі жайт, сол замандағы ұлт зиялышарының көксегені қазақ халқының еркін, азат, дербес мемлекеттік жүйесі бар ел ретінде тарих сахнасына көтерілуі болатын. Алайда жемісті басталған іс-жоспарлар орта жолдан шорт үзіліп, дәлірек айтқанда, алашордашылардың мұдделеріне кереғар жағдай туғызған саясаттың салқыны тиді, олардың күштері жеңіліс тапты. Асылбек Сейітовтің негізгі мамандығы дәрігер болып, науқастарды емдеумен айналысса да қазақ еліне деген шексіз патриоттық сезімі, өз заманындағы оқымыстылардың бірі ретіндегі ұлт алдындағы парызын терең сезінуі оны дәрігерлік қызметінен де жоғары мақсаттарға шақырды. Асылбек Сейітов Алашорда партиясының ұйымдастыру жұмыстарына, ішкі-тыскы мәселелеріне барынша біліктілікпен араласты. Әрине, ол кезде Асылбек Сейітов және сол қатардан табылған өзге де азаматтардың атқарып жатқан шаралары НКВД қызметкерлерінің назарынан тыс қалмағаны белгілі Бақылаудың күшті болғаны соншалық, мұндай тұлғалардың өмірі нәубет жылдары бірінші болып қылышып жатты. Өзінің атылатынын Асылбек сезген де, білген де жоқ. Қайта басына қара бұлт үйірілетін тұста өзі туралы жағымсыз хабарды ести сала Алматыға тартып, Орталық партия комитетіне барып, мәселенің мән-жайын сұрастырып біледі. Ондағылар алаңдан мазасызданатындей ештеңе жоғын айтып, көңілін орнына түсіреді. Бірақ бұл уақытша ғана жағдай еді... [Алашорда [Мәтін]: энциклопедия / құраст.: Ф. Әнес, С. Смағұлова. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. - 544 б. – Сейітов Асылбек Жұманұлы: б. 286-287].

Үш ағайындының не үшін атылғаны 1957 жылға дейін белгісіз болып келді. Сол жылы сәуір айында жеткен жылы хабар ғана Сейітовтердің жазықсыз екенін жария еткен. Оны дәлелдеп шығу Сейітов Асылбектің артында қалған жалғыз тұяғы Клара Асылбекқызына оңай тимеді. Клара Асылбекқызы әкесі Асылбек Жұманұлы жөніндегі деректерді іздестіре жүріп, оның қазақ халқының келешегі үшін атқарған қыруар шаруаларының күесі бола білді. Әкесі тек халқының денсаулығын ойлаған ақ халатты абзal жан ғана емес, қоғам қайраткері, ұлтын сүйген, ұлтжанды перзент екеніне де көз жеткізді. Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов, Илияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллиндермен үзенгілес болған Асылбек Сейітов сынды асыл азаматтар елі мен ұлтының келешегі үшін аянбай еңбек етті. Аға ұрпақтың сол ерлік ісін қазіргі өскелен ұрпақ ұмытпауы тиіс. Ұмытпайды да! Асылбек Сейітовтың да Қазақстанның денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі елеусіз, ескерусіз қалмауы керек. Ағайынды Сейітовтердің қазақ қоғамының қылышында өзіндік із қалдырған тұлғалар екеніне ешкім таласа қоймас. Бірақ, олардың есімін елі ұмытпауы үшін ұрпақ жадында жаңғыртып отыру қажет. Осындаі

жауапкершілікті істің басында әзірге Клара Асылбекқызының жалғыз өзі шырылдап, әке есімін ардақтау жолында өз ғұмырын кешіп келеді. Алматы қаласында А.Сейітовтің есімі берілген көше бар және ол кісінің атында «Таугүл-3» ауданынан берілген кешен ұзындығы 218 метрді құрайды.

А.Ж. Сейітов туралы мақалалар «Простор» «Юридическая газета», «Новое поколение», «Семей таңы», «Алматы ақшамы» тәрізді газеттердің беттерінде жарық көрген. Сондай-ақ, «Алашорда», «Книга скорби», «Дорогами Гулага», «Страницы трагических судеб» сияқты жинақтарда Асылбек туралы айтылған үзінділер де, кызы Клараның 1998 жылы 20 маусымда «Жоқтау» жинағының тұсаукесерінде сойлеген сөздері бар [«Жоқтау»-(Воспоминания детей репрессированных казахстанцев) Алматы, 1998-56 б]. Қызы Клараның әкесі туралы 1996-2001 жылдар аралығында жарияланған мақалалары 76 беттен тұрады.[«Ана тілі» газеті. 2013 № 15 (1169)] Кәсіби жазушылардың ішінен Асылбек Сейітов туралы ең алғаш 1998 жылы № 2 «Ақиқат» журналында белгілі жазушы «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, (1970 ж.), Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Құрмет грамотасымен (1986 ж.), «Құрмет» орденімен (2001 ж.) марапатталған, 1997 жылдан бері Семей қаласының, Абыралы ауданының Құрметті азаматы Медеу Сапаұлы Сәрсекеев жазған болатын [Авторлары:Б.Е.Алтаев, Қ.Ш.Әлімғазинов, А.А.Башмаков, Қазақ мемлекеттілігі және Алашорда кітабы-720бет, Алматы, «Литера-М» ЖШС-2018. 634бет].

Сонымен қатар, ұлы тұлғаны көп зерттеген, ол туралы көптеген мақалалар жазып, сол кісіге қатысты құжаттар жинағын шығарып, осы кезге дейін зерттеумен айналысып келе жатқан тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры З.Е. Қабылдинов.

Замандастарының Асылбек туралы естеліктері.

1917 жылы Қазан төңкерісі нәтижесінде, билікке қарулы күш қолдану арқылы келген Коммунистік партия мен Кеңес үкіметі білім беру жүйесін, ғылымды, мәдениетті, әдебиет пен өнерді бақылауға ала бастады. 1919 жылы наурызда РКП(б)-ның VIII съезінде білім беру мен үгіт нашихат жұмыстарының барлық тұрлері таптық сипатта болып, коммунистік нашихатпен ұштасу міндеттелді. Съезде «... білімі бар адамдардың қүшін барлық жерде пайдалануға жол берे және соны қолдай отырып, Коммунистік партия сонымен бірге жалпы оқу-білім аппаратын Кеңес өкіметіне қас элементтердің пайдаланып кетпеуін және әдебиетті, ғылым мен өнерді бетке ұстап, қалай болғанда да коммунистік нашихаттың күш қуатын әлсірететін қоғамға зиянды, контрреволюциялық тенденцияларды жүргізбеуін бақылап отыруға тиіс» деген қарап қабылданды [1, 84 б]. Айтылып отырғандай, білімді адамдарды пайдалану керек, бірақ зиянды деп табылған элементтерді бақылау, керек жағдайда ықпалды тұлғаларды тұсаулау қажет еді. Әдебиет, ғылым мен өнер таптық бағытты ұстаяу және одан тысқары шықпауы қажет деп табылды

Партиялық бағытты ұстая мен басшылыққа алу РКП(б)ның XII съезінде де маңызды мәселелердің бірі ретінде қарастырылды. Ұлт мәселесі жөніндегі қарапында «...ана тілінде принципті марксік әдебиетті дамыту; ана тілінде бұқараға арналған партиялық әдебиетті дамыту» [2, 470 б.] мәселесін қойып, бұл іске айрықша мән беруі партияның ұлттық аймақтарда да әдебиеттің дамуын толық бақылауға ұстаяуға бет алды.

Осы кезеңде Қазақстанда саяси-идеологиялық жағынан айтыс тудырған Мағжан шығармашылығы еді. Әсіре төңкерісшіл, таптық бағытты ұстағандар оның шығармашылығынан Кеңес үкіметіне, партияға, төңкеріске қарсы саяси астар іздеді. Мағжанның кезінде Алаш ісіне белсене араласқанын білді. Сондықтан оны саяси сенімсіз адам ретінде, шығармашылығын зиянды дүние ретінде айтыс-тартыс нысанына айналдырды. Оған да себеп жоқ емес еді. Кеңес үкіметі алашордашыл ұлтшыл деп санаған Ә.Бекейханов Омбы қаласында қазақ жастарының «Бірлік» қауымымен өткізген кездесуде «Алаш» партиясының облыстық комитетін құру жөнінде шешім қабылданады. Ал, өз елінің келешегіне үмітпен қараған Мағжан осы құрылған комитеттің құрамына енеді. Мағжанның саяси іске араласуы мұнымен шектелмейді. 1917 жылдың 5-13 желтоқсан аралығында Орынборда өткен II Бұқілқазақтық құрылтайына қатысып, Алашорда үкіметін сайлауға дауыс береді [3, 159 б].

Жоғарда аталғандарға нақтырақ тоқталсақ, 1918 жылдың 5-13 мамыр аралығында Омбы қаласында Қазақстанда құрылған әртүрлі жастар үйымдарының біріккен құрылтай болады. Құрылтайды шақырған, үйымдастырған «Алашорда» үкіметіне тілектес «Бірлік» үйимы еді. Осы жылдары Қазақстанда «Бірліктен» басқа 21 жастар үйимдары болған. Осы

ұйымдардың барлығы бірігіп, ол «Жас азамат» деп аталаған, орталық комитет сайланады. Мағжан келешегіне үміті мол жастардың «Жас азамат» ұйымына зор сеніммен қарап, «Мен жастарға сенемін» деген өлеңін жазады. Өлең жолдарындағы:

Тау суындаған гүрілдер,
Айбынды алаш елім бар.
Алтын арқа жерім дер,
Мен жастарға сенемін.
Мен сенемін жастарға,
Алаш атын аспанға.
Шығарар олар бір таңда

Мен жастарға сенемін, - деген сөздер Алашқа қарсы шығушылармен, оны төңкеріске қарсы ұлтшылдық қозғалыс деп айыптаушылардың әлі есінде еді. Сондықтан, өзінің өткен іс әрекетімен ғана емес, шығармашылығымен де Мағжан сенімсіз деп саналды. Оның шығармашылығын қалай бағалау керек деген мәселе төңірегінде айтыс жүрді. Ақиқатын айтсақ, Мағжанға қарсы науқанға оны «алашшыл», «ұлтшыл», «контрреволюцияшыл элемент» деп айыптаған саяси қарсыластары ғана емес, оны жақсы білетін қолында өсіп тәрбие алған, өкінішке орай тапшыл, төңкерісшіл идеяға берілген адамдар де қарсы шықты. Солардың бірі Сәбит Мұқанов еді. Әрине, бұл арада елге танымал С.Мұқановтың азаматтық, тұлғалық бейнесін төмендеткелі немесе артық айтып абыройына дақ түсіргелі отырған жоқпыш. Нақты жағдайды ғана баяндап отырмыз.

1918 жылдың күзінде Омбы қаласына келіп арып-ашып, азын-аулақ қаражатын вокзалда ұрлатып мұсәпір күйге түскен, жүдеу, шоқпыт киінген қазақ баласы Сәбитке (Сәбит Мұқановқа – К.Д) күн көрерлік жұмыс тауып беріп, қасына алып қамқорлық жасаған Мағжан Жұмабаев еді. Қазақ тіліндегі мұғалімдер курсінде оқуына жағдай туғызды. Мұғалімдер курсында педагогика, тарих, қазақ әдебиеті мен тілі, дін пәндерінен сабак берген Мағжанмен Сәбит бір пәтерде тұрды. Кейін С.Мұқанов өз естелігінде бұл жайды жазды да. Аталған пәндерден қазақша конспекті жазғанда Сәбит Мағжанның хатшысы сияқты болып алды: кешкі уақыттарда Сәбитті өз бөлмесіне шақырып алады да, диванға қисайып жатып, орысша кітаптардағы мәтінді оған қазақша айтып беріп отырған [4, 93 б.]. Мағжан шамасы, бір елден Қызылжар өңірінен болғаннан кейін жас жігіттің білім алуына, орыс тіліне тілі жаттығуына, жазуға қолының жаттығуына көмектесу ниетінде болғаны анық еді. Бірақ, жағдай басқаша өзгерді. Сәбит Мұқанов арада бірнеше жыл өткенде, дәлірек айтсақ 1922 жылдың 22 ақпанында «Еңбекші қазақ» газетінде өзінің баспасөзде бірінші жариялаған «Тұсімде» атты фельетонында «Жұмабаевтың байшылдық сырын символикалық түрде әшкөрлеуге» арнайды [5].

Осы жылдары Мағжан өз басына төніп келе жатқан қара бұлтты сезген болуы керек. Сонымен бірге, С.Мұқанов секілді қатар жүрген және өздерінен кейін оқып қоғамдық өмірге араласа бастаған тапшыл жастарға сенімі

жоғалып, олардан түніле бастады ма деген де ой келеді. 1922 жылы Қазаннан басылып шыққан кітабы ішіне енген «Жолдасқа» деген өлеңі де көп нәрсөні аңғартқандай:

Эй, эй жолдас жас жігіт,
Қику салған лепірген,
Кетті ме әлде жын соғып?
Аузың мұнша көпірген!
Құдықтан ішіп жас жігіт,
Оған сірә түкірме.
Кетер сені сел соғып,

Басыл жаным көпірме, - деген жолдарды оқи отырып, өзі қанатына алып қамқорлық жасаған жандардың өзіне қарсы шығып орынды-орынсыз тиісуі мен сынауына наразы болып, «су ішкен құдығыңа түкірме», «жақсылықта жамандық жасама» басыл, тоқтамға кел деген ойын аңғарамыз. Өлең жолдарына кеңестік дәүірдің символдық «жолдас» сөзін алудың да бір байқалмаған жұмбақ бар секілді.

Мағжан мен С.Мұқанов арасы соңғысының таптық ұстанымына сәйкес алшақтай түскен тәрізді. Тағы да С.Мұқановтың естелігіне орын берсек, мына жолдарды оқимыз. «Бізге халық алдында Мағжанның және өзге алашордашылардың халыққа жау екендігін әшкерлеуге тұра келді. Осы мақсатпен біз 1924 жылдың басында Орынборда Мағжанға әдеби сот жасадық».

С. Мұқановтың жазуынша сотта Мағжанға қорғаушы есебінде тағайындалған Рабфак оқушысы Жәкен Сәрсенбінді залда отырғандар айғайлап сөйлетпей қояды. Ал, Мағжанды айыптаушы міндетін Сәбит Мұқанов атқарады да, оның ұсынысы бойынша сот мынадай қаулы қабылдайды:

«1. Жұмабаев қазақ халқының, сонымен қатар, қазақ халқына қамқор болып отырған Совет үкіметінің қас жауы деп танылсын.

2. Оның барлық шығармаларын оқылудан алыну өкіметтен сұралсын.

3. Бұдан былай советтік баспасөз бетінен Жұмабаевтың шығармаларына орын берілмесін» [4, 511 б].

Міне, кеше ғана қиналып келіп, Мағжаннан пана тауып, оның қамқорлығын көрген С.Мұқанов осылай Мағжанды айыптады. Оның шығармаларын зиянды деп тапты. Мұндай саяси айыптау мен тұқырту отыздан енді ғана асқан ақындық күш қуаты кемеліне келген Мағжандай дарынды саясат арқанымен тұсаулау ғана емес, әдебиет, өнер әлеміне араласуына тиым салу, жазғанының бастырмау, кешегі «алашордашыл» ретінде соққы беру еді. Бұл Мағжанды тұқырту мен жаныштаудың басы ғана еді. Кейін бұл іс жалғасын тапты. Мағжанды рухани, моральдық тұрғыда айыптау мен соққылауды ресми түрде Ф.Тоғжанов жалғастырды, ал, одан С.Мұқановта тыс қалмады.

Бірақ, қазақ әдебиетіне өз қол таңбасын қалдырған тұлғалардың бірі С.Мұқанов осындай позицияда ұстанса, екіншісі М.Әуезов аталған оқигадан

арада үш жыл өткен соң 1927 жылы «Еңбекші қазақ» газетінің анкетасына жауап бергенде: «Қазақ жазушыларынан, әрине Абайды сүйемін. Мениң бала күнімнен ішкен асым, алған нәрімнің барлығы да Абайда... Бұдан соң Мағжанды сүйемін. Европалығын, жарқыраған, әшікейін сүйемін. ... Мағжан культурасы зор ақын. ... Әдебиет - әдебиет үшін деген таңба айқын болмай, нәрлі әдебиет болуға жол жоқ. Сондықтан, бүгінгі күннің бар жазушыларының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз Мағжанның сөзі. Одан басқамыздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін, - деп жазды. М.Әузев Мағжанның шығармашылық қабілеті мен әдеби шеберлігін байқап қана қойған жоқ, кейінгі қалатын, келешекке жететін кестелі сөз Мағжандікі деп мойындады [5].

Жиырмасыншы жылдары қазақ әдебиетінде таптық-партиялық принциптің орнығуы мен біртіндеп нығая тұсуі, қазақ интеллигенциясының саяси-идеялық жіктелуін тереңдете тұсті. 1923 жылы Ташкентте Мағжан Жұмабаевтың өлеңдер жинағының шығуы қазақ интеллигенциясы арасындағы жағдайды одан әрі ушықтырды. Мағжан шығармашылығын айқындау мен бағалау жөніндегі пікірталас ара жікті қарама-қарсы бағыт ұстаған екі топқа бөліп тастады. Біріншілері - Мағжан шығармаларын өлшеушісіз бағасы бар, қазақ әдебиетіндегі жаңа леп, рухани құндылық деп санаса, екіншілері - «алашордашыл» М.Жұмабаевтың ұлтшылдық сипаттағы шығармалары кеңестік қоғамда зиянды, жат деп сынады. Осы жинақтың жарық көруіне үлес қосқан Туркістан Орталық Атқару Комитетінің орынбасары, Ішкі Істер Халық комиссары, Оқу Ағарту Халық комиссары сияқты жауапты қызметтер атқарған Сұлтанбек Қожанов атапттың алғы сөзінде Жұмабаевтың өлеңдерінің тіл жағынан, әдебиеттану жағынан пайдасы көп болатындығына сенетіндігін айтса, Қазақ республикасының Халық Ағарту Комисариатында қызмет еткен М.Жолдыбаев Жұмабаевтың бүл кітабы тарихи бағасы зор, аса мұқтаж кітаптардың бірі екендігін баса айтты [6, 131 б].

Мағжан 1923 жылы В.Я.Брюсов бастаған әдеби-көркем институтында оқи жүре, астанадағы Күншығыс еңбекшілерінің университетінде қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берді. Осы университеттің жаңында қазақ жастарының «Жерлестік» ұйымы құрылды. Атапт ұйым 1924 жылы 24 қарашада Мағжанның 1923 жылы Ташкентте басылып шыққан өлеңдер жинағын талдау мақсатында жиналыс өткізді. Жиналысқа КСРО халықтарының орталық баспасының директоры Н.Төрекұлов, Орталық комсомол комитетінің бюро мүшесі, жастардың коммунистік интернационалы атқару комитетінің бөлім бастығы F.Мұратбаев, басқа оқу орындарынан F.Тоғжанов, С.Сапарбеков, Ж.Сәрсенбин және т.б. қатысады. Баяндаманы Н.Төрекұлов жасады. Өкінішке орай, қазақтың көрнекті тұлғасы Нәзір Төрекұловтың баяндамасы Мағжан шығармашылығын айыптау мен қаралау сипатында болды. Коммунист Н.Төрекұлов заманың ағымына сай большевиктік позиция тұрғысында алашордашыл, ұлтшыл Мағжанды әбден сынады. Мағжанды сынада үлтшылдарды, алашордашыларды сынада оларды бас көтерпеу еді. Солай

болғанына қарамастан, қайшылықты пікірлерге де толы еді. Нәзір Төрекұлов «Саясат пен пен әдебиетті араластыруға болмайды... Мағжан өлеңдері көбінесе осы пікірге сүйеніп басылған. Бұл қата,- дейді. Осы пікірі арқылы Мағжанды шығармашылығы саясаттан тысқары тұрғандығы үшін айыптайды. Мағжан поэзиясының қоғамдағы саяси оқиғаларға еш қатысы жоқ, оларды көрсетпейді, - дегенімен одан әрі өз пікірін теріске шығарып: «Мағжанның өлеңі де, өзі де байлар әдебиетіне байланысқан, кеңес үкіметіне қарсы... саяси жолы теріс» деп сыйнайды. Алғашқы айтқан сыйнаған керсінше, Мағжан енді, саясатшыл, шығармалары кеңес үкіметіне қарсы және үстем тап әдебиетін қолдаушы болып шыға келеді. Жиналыста Мағжан шығармашылығына байланысты пікір білдірушілер екі бағытта болды. Біріншілерді, либералистік көзқарастағылар - Мағжан шығармалары ұлтшылдық сипатта, сарыуымшылық, түнілу, қамығу сарынында жазылғанымен, оның өлеңдерінің терең сырға, ұшқыр қиялға толы екендігін мойындал, ол үлкен ақын десе, екіншілері Мағжан кеңестік қоғамға жат, буржуазияшыл-ұлтшыл ақын деген көзқарас ұстанды. Ақиқатында, жиналыста сөйлеген жиырма шақты адамның тек біреуі Жәкен Сәрсенов (дұрысы Сәрсенбіұлы не Сәрсенбин болу керек-К.Д.) деген студент қана «Мағжанның пайдалысын алып, пайдасызын алып тастау керек» деген ұсыныс жасады. Бірақ, осы оқиғаға байланысты жазылған мақалада баяндамашы қорытынды сөзінде «оның пікірінің қате екендігін атап өтті» деп көрсетілді «Саяси-идеялық таптық бағыт ұстаған «Жерлестік» ұйымы жиналысы «Мағжанның өлеңдері «бұдан былай... газет-журнал бетіне тексерусіз басылмасын» деген қаулы қабылдады [3, 164 б]. Ақиқатында, бұл қадам Мағжанды сенімсіз, жат пиғылдағы ақын ретінде баспасөзден шеттету еді. Сонымен қатар, «Еңбекші қазақ» газетінде «Біз Москвада оқитын лениндік жастар, М.Жұмабаевтың идеялық позициясының теріс жақтарын қазақ жастары мен еңбекшілеріне толық ашып көрсетуді өз міндеттеріміз деп білеміз және осыған бар жастарды шақырамыз», деген үндеу жариялады [7].

Таптық көзқарас пен партиялық принцип ауқымындағы түсінік пен қабылдау осы жиырмасыншы жылдары ғана емес және одан кейінгі кезеңде де үстем болып М.Жұмабаев шығармашылығы «буржуазияшыл-ұлтшылдық», еңбек ретінде сипатталып бағаланды. Осы жылдары Мағжан ғана емес оған қол ұшын бергендер де таптық қырағылықты жоғалтқандар, ұлтшылдармен ара қатынасын ұзбекендер ретінде сыйналып, айыпталды. Пролетарлық жазушы С.Мұқанов С.Қожановты «Кеңес үкіметіне қарсы өлең жазудан тынбай келген алашордашыл ақын – М.Жұмабаевтың Қазақстанда бастыра алмаған өлең, поэмаларын 1923 жылы Ташкентте бастырды және өзі кіріспе сөз жазып, Мағжанды аспанға шығара мақтады» деп айыптағы [8, 95 б]. Себебі, Мағжанның өлеңдер жинағының шығуына ірі қызыметте жүргеніне қарамастан тікелей белсене кіріскен С.Қожанов жинаққа «Мағжан өлеңдері туралы бір-екі ауыз сөз» деген кіріспе жазды. Шағын ғана кіріспеде «Мағжан өлеңдерінің ішінде кез келетін, марксизм дүние тануына ұйқаспайтын жерлерін оқушылар көре салып үрікпей, көркемдік жағына, сыршылдық

жағына көбірек көз салу керек» деген пікірі арқылы Мағжан өлеңдерінің сипатына, көркемдігіне мән беру қажеттігіне назар аударады. Одан әрі «Әдебиеті жаңа аяқтанып, әдебиет тілі енді жасалып келе жатқан жүргтта Мағжандай ақындардың қызметі зор екендігі анық. Осы күнге дейін Түркстанда қойшылар тілі санағын келген қазақ-қырғыз тілі іске асуы былай тұрсын, өнерге асатын бай, жатық, таза, өткір, әдемі тіл екенін Мағжан өлеңдері көрсете алады» - деп Мағжанның поэзия әлеміндегі орнының ерекше екендігін, тіл өнерін терең менгергендігін бейнеледі.

Бірақ, кешегі алашордашыл ақынның өлеңін баспадан алғы сөз жазып шығаруы, Сұлтанбек Қожановты таптық позициядан ауытқыды деп, кінәлауга себеп болды. Жоғарда аталған «Жерлестік» үйымының қарары «Қазақ еңбекшілеріне коммунистер партиясының бағытымен жөн сілтеп түзу басшылық етеді дейтін бірсыныра коммунист жолдастар (Мағжан кітабының басылуына, таралуына себепші болған жолдастар кіреді) жауапқа тартылсын» деген жолдар С.Қожановқа арналған еді [9, 94-95 б.]. Жағдайдың ушыққанын түсінген ол, «Еңбекші қазақ» газетіне «Менің жауабым» деген мақала жариялауга мәжбүр болды [10]. Ақиқатын айту керек, ұлтжанды азамат қатал айыптау мен қысымға табандылық көрсете алмады. «Мағжан жөнінен менен қателік кеткен. Бастирғанымнан да, менің сол кітапқа саясаттан тысқары баға беріп, сөз басы жазып бергенім үлкен қате» деп өкініш білдіріп, қателестім, жаздым, жаңылдым деген сипатта кінесін мойнына алды.

Әділетсіз сын мен айыптауга назаланған М.Жұмабаев «Сәлем хат» деген өлең жазып, ол «Тілші» газетінде 1924 жылы 3 желтоқсанда жарияланды.

Қайтуым хақ, белді буып тас қылыш,
Кет деме, елім, енді мені басқа ұрып.
Дейтін болсан: қой жырынды, жырауым,

Қобызымды қиратармын тасқа ұрып – деген жолдары өкініш пен шарасыздықтан ғана емес, саясат шырмауына оралып өзін түсінуге тырыспағандарға, халық арасына кең тараған өзіңің сыршыл да, нәзік өлеңдерін көре алмаушыларға қарсы жазылды [11, 363 б.].

Бірақ, тапшылдар пролетарлық қырағылықпен тез арада жауап қайтарды. 1924 жылы 19 желтоқсанда «Еңбекші қазақ» газетінде «Сәлем хат жазған азамат Мағжан Жұмабайұлына» деген айдармен «Сәлемге сәлем» деген өлең жарияланды. Өлеңнің авторы осыдан бірнеше жыл бұрын Мағжанның өзі пана болып, қамқорлығына алғып, оқып білім алуына жағдай жасаған Сәбит Мұқанов еді. Ол кеше қиналғанда өзіне пана болған «алашордашыл» ақын Мағжаннан қол үзгендігін, өзін тапшыл, төңкерісшіл екендігін көрсеткісі келді ме, Мағжанның жанына тиетіндей ауыр сөздермен, оған қарсы өлең жазды [12.].

Сен құлан, өз қағынан жүрген жеріп,
Ел аман, жүрт тыныш кездे қайғыға еніп.
У жеген бір қасқыр сен, сені қалай
Ел жазып адам қылмақ емін беріп.

Шіріген жұмыртқа елге неге дәрі,
Шіріп қайта таусылсын одан әрі.
Сүйгіш жолыңдан табан бұрма,
Қобызыңдан, ақыным, безбе әлі.

С.Мұқановтың «... Қобызыңдан, ақыным, безбе әлі» деуі ақынның жазған шығармаларын нысанага ала отырып тиісу еді. Жиырмасыншы жылдардың бірінші жартысында Мағжан өнімді жазды. Лирикалық өлеңдер ғана емес «Қорқыт» (1922), «Батыр Баян» (1923), «Оқжетпестің қиясында» (1923), «Қойлыбайдың қобызы» (1925), «Жүсіпхан» (1925) поэмалары жарық көрді. С.Мұқанов Мағжанның «Қорқыт» поэмасындағы:

... Артымда ор, алдымда-көр, өтеді өмір...
Енді менің жолдасым - жалғыз қобыз,
Сарна қобыз, мұн-зарлы шығар лебіз, немесе
...Жас төгіп, сүм өмірде зарлап-сорлап,

Құшақтап қобызымды көрге кірсем! ... деген жолдарды мен Мағжанның басқа да өлеңдерінде кездесетін «қобыз» сөзін жақсы білді және мүмкіндікті пайдаланып еске түсірді. Осы сөзді Мағжанға қарсы өлеңінде сынау емес кекету, мұқату мақсатында қолданды. Бұл саяси-идеялық көзқарастағы қайшылық қана емес, жан жақты сынау мен тиісудің нысанасына айналыш, қорғаныш таба алмай, жазғандары сынға ұшыраған «...қызыл тіл, қолым емес, кісендеулі» деп дәрменсіз күйге түскен Мағжанды тұқырту еді.

Өлең жолдарындағы «...у жеген бір қасқыр сен...», шіріген жұмыртқа елге неге дәрі, шіріп қайта таусылсын одан әрі» деген сөздер Мағжанның Алашорданы қолдап өлең жазғандығын тағы еске түсірумен қатар, қазір ұлтшыл Мағжанның елге керегі жоқ, түзелуден кеткен, енді оның құрығаны, жойылғаны қажет, ал сен Мағжан ұлтшылдық жолыңдан қайтпа, - деп Мағжан бейнесі арқылы «ұлтшыл жаудың» образын жасау еді. Ақиқатында, «үлкен тұлғадан, ел мойындаған дарынның көлеңкесінде қалып қоюдан қорқу» және одан құтылуға жасаған ашық қадам ба еді деп те ойлаймыз. Ал, бұдан кейінгі жылдары да ақын есімін қазақ әдебиеті тарихынан біржола өшіріп тастауға әр түрлі шара жасалғаны белгілі.

Жоғарда аталғандай, өкінішке орай, С.Мұқанов секілді Мағжан шығармашылығын іске алғысыз қылып орынсыз сынау, даттау, жалған айыптау мен әшкерлеу Ә.Тәжібаев кітабында да кездеседі [13].

Мағжанға осындай ауыр кезенде қол ұшын беріп азаматтық танытып, оның шығармашылығын әділ бағалауға тырысқандардың бірегейі - Ж.Аймауытов еді. Ол Н.Төреқұловтың «Жерлестік» ұйымының жиналысында жасаған баяндамасын ашық сынамаса да, шын мәнінде оған қарсы шығып, Ташкентте оқитын қазақ студенттері алдында «Мағжанның ақындығы туралы» тақырыбында баяндама жасады. Баяндама мәтіні «Лениншіл жас» журналының №5 санында 1925 жылы жарияланады.

Орынсыз сын мен саяси айыптаудан Мағжанды аршалау ниетінде жасалған баяндамада Мағжанның ақындығына баға беру мен оның

шығармаларын талдау ғана емес, заман тынысын сезе білген Ж.Аймауытов бұл Мағжанға қарсы шараның қайdan басталып, неге туып отырғанын астарлап та болса жеткізеді. Көркем шығарманы танып, таразылауда бағыт бағдар көрсетіп, заман тудырған қайшылықтар сырына назар аударады. «Мағжанның ақындығын сынауға біліміміз, күшіміз кәміл жетеді деп айта алмаймыз; толық сынау үшін, оның алды-артын орап, өрісін арылтып шығарлық сегіз қырлы, негізгі білім керек. Кеңінен толғамай, шүғылдан істелінген жұмыс өңсіз, үстіртін болмай тұрмайды. Мағжан өлеңдерін егжей-тегжейін, ноқатын қалдырмай тәптіштеп қарап шығуға көп уақыт, көп дерек керек, ақынның ақындығын үстінен қарап топшыламай, ішіне кіріп зерттеу керек» деп бастайды [3, 180 б.]. Бұл Мағжан әлемі, шығармашылығы терең, тұңғиық оны талдауға, сынауға, тұсінуге терең білім мен дайындық керек. Жалаң сын, сыртынан топшылап пішken сын, заманға бейімделген сын әділ болмайды дегенді ұқтырады.

«Мағжанды тексергендеңі тағы бір қыншылық мынау. Қандай өнерпазды, ақынды, данышпанды болсын, өз заманының сыншылары әділ көзбен қарап баға беру қын нәрсе. Заман сыншыларының бүйрекі не олай, не бұлай бұрып кетпей тұрмайды. ... Замандастар, тұстастар әділ болу қын, өйткені не заманнан қаймығады, ақынды заман өлшеуішімен өлшейді; сыншылардың көбі не ақынды жақтаушылар, не жамандаушылар, не бықсыған күншілдер ... әбиур атақ іздең, көзге түсем деушілер болуы мүмкін» деуі, әсіресе, «сыншылдар заманнан қаймығады, ақынды заман өлшеуішімен өлшейді» дегені сол кезеңдегі сұық желдің қайdan және қалай соғып отырғанын аңғаруы. Тапшыл сыншылардың Мағжан заман ағымына қосылмайды. Оның шығармаларынан тап күресін көре алмаймыз. Жаңа заманды, өзгерген жағдайды жазбайды, революция жеңісін жырламайды, деп біржакты айыптауынан туып отырғандығын тұра бұлтақсыз жеткізуі еді.

Батыл ой айта отырып, Ж.Аймауытов «Әдебиет сынмен көркейеді. Әдебиетке ...күтім ...сын керек. Әсіресе әдебиетті сынау біз секілді жұртқа керек, өйткені бізде әлі жөнді әдебиет жоқ, бар болса балапан, буыны бекіп, бұғанасы қатқан жоқ, әдебиетті тәрбиелей, мәпелей білсек, біздің де ақындарымыз, жазушыларымыз санатқа қосылады» дейді. Осы пікірі арқылы барды бағалау қажет. Елге танылып, мойындалған ақын-жазушыларымызға қырын қабақ танытпай тәрбиелесек әдебиетімізде көркейеді деген байыпты ой айтады. Мағжанды әсіретапшыл сыншылардан қорғай отырып, бір сәт оның ақындық құпиясын ашып тендессіз баға береді. Ол: «Суретті, кестелі, көркем сөз Мағжаннан табылады, Мағжанды ақындық жағынан сөзсіз суретші деп айтуға болады. Суретшілік жағынан Мағжанды сөзсіз Пушкинге теңеуге ауыз барады» деп ашық та, батыл жазды [14, Б.291]. Тума таланттың қабілетін, ақындық мұратын айқын тұсінген Ж.Аймауытов Мағжанды «ұлт ақыны», өз ұлтын сүйе білген ұлтжанды ақын деп таныды. Оңды-солды сын жебесіне ілігіп, шаншу сөздерден көз ашпаған ескішіл, байшыл ақын атанған Мағжанға оның басына тұсken ауыртпалықты бөлісіп, азамат ретінде әділ сөз айтып араша тұсті.

Ал, сәл шегініс жасап С.Мұқановқа келсек, ғылымда тұлғаларға қатысты "Үлкен кемелерді суға батыру" (Потопление больших короблей) деген теория бар. Ол кіші қайықтарға жол ашу үшін еңелі, көрнекті кемелерді суға батыру, ал адамға қатысты қолданғанда көрнекті тұлғаларды ығыстыру, жою арқылы кішкентай тұлғаларды солардың орынын басуға итермелуе еді.

Кеңес үкіметі қазақтың Ә.Бекейханұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, М.Жұмабайұлы сияқты бүкіл қазақ мойындаған ірі көрнекті тұлғаларды және т.б. мындаған азаматтарға құғын-сүргіннің көптеген тұрлерін қолдану арқылы оларды тарих сахнасынан кетіріп, кеңестік жүйеге шын берілген, таптық ұстанымдағы адамдарды алға шығарып рухани кеңістіктегі ваккумді, бос кеңістікті толтыру бағытын ұстанды. Бәрі осы ғана еді.

Оларға талант емес таптық көзқарастағы билікке, партияға шексіз берілген адамдар керек болды. Өкінішке орай, олардың арасында қазақ халқының мұддесіне опсыздық жасағандар, мансапқорлар, саяси сауатсыздықтан, адамгершілік қасиеттердің жетіспеушілігінен және т.б. көптеген салдардан, белгілі бір мемлекеттік қайраткерлердің топтары да ұлттық мұдделерден, өздерінің жеке бастарының мұдделерін жоғары қойған тұлғалар да аз емес.

Оған қоса, «домалақ арыз» жазу арқылы бірін-бірі ұстаташ жіберу, қамату немесе өлімге итермелуе фактілері жаппай саяси құғын-сүргін жылдары көп орын алды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет Пленумдарының қараплары мен шешімдері. Т. 2. 1917-1924. «Қазақстан» баспасы, Алматы. 1972. 580 б.
2. Бұл да сонда, Т.2.
3. Бектұрбекова Ф.К. Ұлттық поэзия падишасы. (Ұлы ақын Мағжан Жұмабаевқа арналады) Алматы; 2001, 314 б.
4. Мұқанов С. Өмір мектептері. Екінші кітап. Алматы, 1955,
5. Еңбекші қазақ // 1927, 22 ақпан.
6. Қаленова Т.С. Жүсіпбек Аймауытовтың өмірі мен қоғамдық - саяси қызметі (1889 – 1931 жж.) Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2001. – 179 б.
7. Еңбекші қазақ // 1925, 14 қаңтар.
8. Мұқанов С. Өмір мектебі. –Алматы: «Жазушы», 1970. - 471 б.
9. Елеуkenov Ш. Мағжан. Өмірі мен шығармагерлігі.-Алматы, «Санат», 1995-384 б.
10. Еңбекші қазақ // 1925, 31 қаңтар.
11. 20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті. 1-кітап.-Алматы: «Ғылым», 1997.- 512 б.
12. Еңбекші қазақ // 1924, 19 желтоқсан.
13. Тәжібаев Ә. Өмір және поэзия. – Алматы: «Жазушы», 1960.
14. Бес арыс. Алматы, 1992.

References:

1. KPSS sezderiniң, konferenciyalarynuň zhəne Ortalyқ Komitet Plenumdarynyuň қарarlary men sheshimderi. T. 2. 1917-1924. «Қазақстан» baspasy, Almaty. 1972. 580 b.
 - 2 . býl da sonda, T.2.
 3. Bektyrbekova F.K. Ұлтық poeziya padishasy. (Ұly ақун Maғzhan Zhymabaevқа arnalady) Almaty; 2001, 314 b.
 4. Mұқанов S. Өмір mektepteri. Ekinshi kitap. Almaty, 1955,
 5. Еңbekshi қазақ // 1927, 22 ақран.
 6. Kalenova T.S. Zhysipbek Ajmauytovtuň өміри мен қорамдық - sayasi құзмети (1889 – 1931 zhzh.) Tarih ғыlymdarynyuň kandidaty ғылыми дәрежесин алу yshin dajyndalғan dissertaciya. Almaty, 2001. – 179 b.
 7. Еңbekshi қазақ // 1925, 14 қаңтар.
 8. Mұқанов S. Өмір mektebi. –Almaty: «Zhazushy», 1970. - 471 b.
 9. Eleukenov Sh. Maғzhan. Өміри мен shyғarmagerligi.-Almaty, «Sanat», 1995-384 b.
 10. Еңbekshi қазақ // 1925, 31 қаңтар.
 11. 20-30 zhyldardaғы қазақ әdebiеті. 1 – kitap. – Almaty: «Fylym», 1997 -512 b.
 12. Еңbekshi қазақ // 1924, 19 zheltoқsan.
 13. Төzhibaev Ә. Өмір zhəne poeziya. – Almaty: «Zhazushy», 1960.
 14. Bes arys. Almaty, 1992.
-

**ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
КОНСТИТУЦИОНАЛИЗМ ИДЕЯСЫНЫҢ БАСТАУЛАРЫ:
ҮЗІЛГЕН ОЙ САМҒАУЫ
Тілепина Шолпан Валерьевна**

**Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Халықаралық құқық кафедрасының профессоры, Қазақстан
Республикасы, Астана қ., e-mail: tlepina_shv@enu.kz**

***Автор-корреспондент
e-mail: tlepina_shv@enu.kz**

Аннотация: Мақалада ХХ ғасырдың басындағы Қазақстандағы саяси-құқықтық, конституциялық-құқықтық идеялардың қалыптасу мәселелері қарастырылады. Автор 1905 – 1907 жылдардағы бірінші орыс буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейінгі кезеңдегі қазақ қоғамының саяси-құқықтық санасының өсуін, патша өкіметінің саяси, сот-құқықтық, әкімшілік реформалары салдарынан қазақ халқының отарлық езгісінің күшеюін көрсететін тарихи құжаттарды қарастырады. Ақмола, Семей, Жетісү, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы Ережеде (1891 ж. 25 наурыз) жергілікті әкімшілік тарапынан «...жеке адамның құқығы мен адамдық қадір-қасиет сезімін мұлде ескермеу» көрсетілді; әкімшілік зорлық-зомбылық және «бұқаралықтың надандығын жасанды түрде қолдаған».

Метрополияның барлық аймақтарын қамтыған революциялық қозғалыс толқыны Ресей империясының отаршыл түкпірлерін де айналып өтпеді. Қазақ өлкесі саяси партиялардың, мерзімді басылымдардың – алғашқы қазақ газеттерінің құрылуы жағынан саяси белсенділігіне тартылды. Қазақ қоғамының саяси өзіндік санасының өсуі қазақтардың Ресей императорына, комитет (кейінрек кеңес) төрағасына, ішкі істер министріне, жергілікті отаршыл билік органдарына жіберген алғашқы петицияларын, телеграммаларын дайындауға ықпал етті. Қарқаралы республикасы белгілі бір мерзімге құрылды. Сонымен бірге жергілікті отаршыл билік Ресей империясының жоғары органдарына есеп бере бастады.

Түйін сөздер: манифест, петиция, Алаш, Бағдарлама, Қазақ елі, Б.Сыртанов, Ә. Бекейханов, Ж. Ақпаев.

**ИСТОКИ ИДЕИ КОНСТИТУЦИОНАЛИЗМА В КАЗАХСТАНЕ В
НАЧАЛЕ ХХ ВЕКА: ПРЕРВАННЫЙ ПОЛЕТ МЫСЛИ**

**Тлепина Шолпан Валерьевна,
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
профессор кафедры международного права, Республика Казахстан,
г. Астана, e-mail: tlepina_shv@enu.kz**

***Автор-корреспондент
e-mail: tlepina_shv@enu.kz**

Аннотация: В статье автором рассматриваются вопросы становления политического и правового сознания, конституционно-правовых идей в Казахстане в начале XX века. Автор рассматривает исторические документы, отразившие рост политического и правового сознания казахского общества в период после первой русской буржуазно-демократической революции 1905 – 1907 годов, усиления колониального гнета казахского народа, вызванных политическими, судебными, административными реформами царского режима. Положение об управлении Акмолинской, Семипалатинской, Семиреченской, Уральской и Тургайской областями (25 марта 1891 г.) демонстрировали со стороны местной администрации «... полное пренебрежении правам личности и к чувству человеческого достоинства»; административном насилии и «искусственно поддерживаемом невежестве народных масс». Волна революционного движения, охватившая все регионы метрополии не обошла стороной и колониальные окраины Российской империи. Казахский край оказался втянутым в политическую активность в части формирования политических партий, периодических изданий – первых казахских газет. Рост политического самосознания казахского общества способствовал подготовке первых петиций, телеграммы казахов, направленных на имя российского императора, председателя комитета (в последствии совета) министров, министру внутренних дел, местным колониальным властям.

Ключевые слова: манифест, петиция, Алаш, Программа, Страна Казахов, Б.Сыртанов, А.Букейханов, Ж. Акпаев.

**THE ORIGINS OF THE IDEA OF CONSTITUTIONALISM IN KAZAKHSTAN AT
THE BEGINNING OF THE 20TH CENTURY: AN INTERRUPTED FLIGHT OF
THOUGHT**

Tlepina Sholpan Valeryevna

**Professor, Department of International Law, L. N. Gumilyov Eurasian
National University, Astana, Republic of Kazakhstan**
E-mail: tlepina_shv@enu.kz

Corresponding author

E-mail: tlepina_shv@enu.kz

Abstract. This article examines the development of political, legal, and constitutional ideas in Kazakhstan at the beginning of the 20th century. It analyzes historical documents that reflect the growth of political and legal consciousness in Kazakh society following the first Russian bourgeois-democratic revolution of 1905–1907 and the intensification of colonial oppression caused by the tsarist regime's political, judicial, and administrative reforms.

The *Regulation on the Administration of the Akmola, Semipalatinsk, Semirechye, Uralsk, and Turgay Regions* (March 25, 1891) illustrated the local administration's "complete disregard for the rights of the individual and the sense of human dignity," as well as its reliance on administrative violence and the "artificially supported ignorance of the masses." The revolutionary wave that swept across the Russian Empire also reached its colonial peripheries, including the Kazakh steppe.

Kazakh society was drawn into political life through the emergence of political parties and the first Kazakh-language newspapers. The growing political self-awareness of the Kazakhs was reflected in petitions and telegrams sent to the Russian emperor, the chairman of the Committee (later Council) of Ministers, the minister of internal affairs, and local colonial authorities. The short-lived *Karkaraly Republic* also emerged during this period. At the same time, local colonial officials began to report more actively to higher authorities in St. Petersburg.

Keywords: manifesto, decree, petition, charter, Alash, program, Country of the Kazakhs, B. Syrtanov, A. Bukeikhanov, Zh. Akpayev.

Введение

Право и политика тесно связаны на протяжении всей истории. Наряду с гражданскими свободами в государстве действуют правовые регуляторы. Исследователи-конституционалисты обращаются к прошлому для понимания и осмысливания, извлечения уроков из прошлого, понимания происхождения политико- и конституционно-правовых идей, представления законов преобразования общества. Конституционализм рассматривается ими как саморазвивающаяся система, представленная на трех уровнях: теория и история конституционных идей, история становления конституционных учреждений и практика реализации конституционных норм.[1, с. 46]

Историко-правовой контекст возникновения, формирования и развития конституционализма имеет большое значение. В каждой отдельно взятой стране теория и практика конституционализма имеет свои особенности. Поэтому наряду с теорией конституционализма можно говорить о национальном конституционализме. В этом случае конституционализм выступает как синоним демократического конституционного государства, окрашенный национальной спецификой.

История становления идеи конституционализма Казахстана тесно связана с конституционной эволюцией Российской империи. Возникновение конституционализма в Российской империи оказало большое влияние на формирование и развитие правового сознания передовой части населения колониальных окраин. Индивидуальное, групповое и общественное сознание играют огромную роль в жизни общества, в создании, развитии и реализации права. Сознание не только отражает, фиксирует, но и систематизирует, прогнозирует возникновение и развитие явлений, выделяет главное, способно переносить идеи, модели от страны к стране, из одного времени в другое. Сознание – фактор развития не только настоящего, но и будущего, причем всеми средствами и путями: через познание прошлого, формирование и совершенствование реального современного и через разноаспектные подступы к будущему, его прогнозированию и формированию. [2, с. 88]

С другой стороны, для начала XX века применительно к Казахскому краю мы не можем рассматривать возникновение и становление идеи конституционализма в отрыве от становления политических и правовых идей.

В исследованиях политico-правовой мысли казахского общества начала XX века учеными-юристами основное внимание уделено Каркаралинской петиции 26 июня 1905 года. Между тем в исследованиях не систематизированы и не всегда корректно описаны петиции, направленные в Санкт-Петербург летом – в начале осени 1905 года. Нами была поставлена задача рассмотреть петиции этого хронологического периода, направленные из Степного генерал-губернаторства; определить, какие петиции были подготовлены и направлены на имя Российского императора и его министров, установить авторство, их правильное и полное документальное описание.

Почему Степного генерал-губернаторства?

В Степном генерал-губернаторстве сформировался союз людей, которых объединяло единство патриотических и политических интересов, взаимное доверие и поддержка. Кояндинская (Ботовская) ярмарка Семипалатинской области Степного генерал-губернаторства способствовала образованию общности людей, объединенных одной целью и сумевших повести за собой разбужденный народ. В петициях названного региона нашли отражение все острые вопросы жизнедеятельности казахского общества в условиях колониального режима.

Был рассмотрен Манифест 17 октября 1905 г. и его влияние на развитие политических и правовых взглядов Ж. Акпаева и образование Каркаралинской республики. Вопрос о Каркаралинской республике ставится впервые.

В становлении идеи конституционализма решающую роль сыграл проект Устава «Қазақ елі» (1911), проект программы политической партии «Алаш» (1917).

Высочайший Указ 18 февраля 1905 года и казахские петиции лета 1905.

В моменты исторических кризисов, как правило, начинает доминировать политика, но и она ищет опоры в праве, пишет С.Ф. Ударцев. [4] Эту мысль ученого подтверждают свидетельства истории политической и правовой мысли Казахстана. В начале XX века в казахском обществе заметно обострились социально-экономические, гуманитарные и политические вопросы. Они усугубились и получили свое публично-формальное оформление под влиянием первой русской буржуазно-демократической революции 1905–1907 годов. Волнения в российской столице, во всей империи вынудили императора Николая II подписать Указ Правительствующему Сенату. Указ 18 февраля 1905 г. провозглашал рассмотрение и обсуждение на правительственном уровне, поступающих от частных лиц и учреждений предложений по вопросам «государственного благоустройства и улучшения народного благосостояния». [3, с. 21, 2]

Начало XX века для казахов было ознаменовано наполнением новым содержанием общественной жизни. Прежние формы выражения недовольства политической и административной системой уступали место интеллектуальному поиску обретения свободы, сохранения национального достоинства. В казахском обществе зарождалась практика подачи петиций центральным властям, проведение митингов. Представители казахского народа видели в них возможность разрешения проблем, обусловленных действиями колониальных властей. Принятие решения на собрании, поддержанное большинством является демократической процедурой. У казахов есть изречение, подтверждающее коллективные обсуждения издревле. Это стало частью казахской традиционной культуры – «На вершине Культобе никогда не завершаются обсуждения» – «Күлтөбенің басында күнде жиін». Традиционные ярмарки весны 1905 г. становились ареной казахских политических съездов, где казахи обсуждали и подписывали петиции. На этих же съездах были избраны делегаты, уполномоченные подать эти петиции.

Революционные события вынудили царскую власть 17 апреля 1905 года принять Указ «Об укреплении начал веротерпимости». [4, с. 34] В этих условиях составителями петиции выступали религиозные деятели, священнослужители мечетей, бии аулов и другие. Вопросы религиозного порядка для них имели первостепенное значение. [5, с. 185]

Постепенно ход событий, изменение содержания требований перевели инициативу по составлению петиции от религиозных деятелей к светски образованной части казахского общества. В их ряду: Ж. Акпаев, А. Байтурсынов, А. Букейханов, М. Дулатов и другие.

В ходе подготовки данного материала нами были изучены несколько документов.

Первая петиция, которую мы изучили среди архивных документов датирована 04 июня 1905 г. Она была направлена Председателю комитета министров Российской империи графу С.Ю. Витте от киргиз Еременской и Коржункульской волости Акмолинского уезда Акмолинской области из рода Керей. Они ставили вопросы землепользования; религиозно-духовной жизни; свободы вероисповедания; открытия школ, издании газет и учреждения типографий; вопросы правосудия, введения суда присяжных, отмены высылки в административном порядке. [6, л. 52-55]

Следующая петиция была направлена 25 июня 1905 г. от доверенных лиц казахов Тургайской области от Т. Баянакова, Б. Шуканова, И. Турумова (за неграмотных Т. Баянакова и Б. Шуканова, по их личной просьбе, и за себя по-татарски подписал И. Турумов). [4, с. 27-29] В них также поднимались религиозные вопросы, вопросы землепользования.

Большое значение имела Каркаралинская петиция от 26 июня 1905 года. Петиция от участников Кояндинской ярмарки Председателю комитета (в письме – совета) министров об угнетенном состоянии киргизов. [6, л. 10-14] Напомню, что наиболее всего изучена петиция 26 июня 1905 года. О ней написано много. Писали ученые-юристы, историки, философы, политологи.

Историческое значение Каркаралинской петиции (26 июня 1905 г.) заключается в том, то она стала первым документом, в котором авторы четко изложили основные требования казахского освободительного движения, которое вступило в качественно новую фазу своего развития. В требования Петиции, вносились новые идеи и предложения, что неминуемо вело к политическим требованиям обустройства управления, власти и жизнедеятельности казахского социума в условиях нарастания политического реформирования Российской империи в сторону конституционной монархии. Зачатки конституционного развития метрополии подспудно отражались на общественно-политическом развитии колоний. Коллективное бессознательное метрополии перемещалось в ее колониальные окраины. Идеи парламентаризма и независимого правосудия, идеи народного суверенитета и правового государства витали в воздухе. Согласно документальным данным в подготовке Каркаралинской петиции ведущую роль сыграли А. Бокейханов,

А. Байтурсынов, Ж. Акпаев и другие активные казахские интеллигенты того времени.

В июле 1905 года на Кояндинской (Ботовской) ярмарке состоялся съезд представителей казахской знати. 22 июля 1905 года был составлен новый документ. [5, с. 200-201]

Он был составлен в связи с созывом Булыгинской думы (А.Г. Булыгин, министр внутренних дел). Было послано прошение от 42 доверенных лиц казахов Каркаралинского уезда о предоставлении казахам избирательных прав. Прошение было подано в Петербург. Здесь была поддержана телеграмма на имя Российского императора Николая II о допуске казахов в высшие выборные органы империи. В секретном рапорте уездного начальника штабс-ротмистра Оссовского (инициалы в документе отсутствуют – Ш.Т.) Семипалатинскому областному управляющему канцелярией Степного генерал-губернаторства об отправке телеграммы казахов подтверждается об отправке «оной» за подписью 42 доверенных лиц по два человека от волости. [5, с. 200] Оссовскому удалось выяснить, что все доверенные были выбраны аульными обществами. В.З. Галиев представил поименный список, подписавших новую петицию, коллективную телеграмму из числа местной волостной администрации на высочайшее имя, Николаю II. Подписи 42 лиц находятся в ЦГА РК. [7, л. 24-25 об.]

Далее следует не менее интересный текст Оссовского. В рапорте он указывает, что доверенности были отправлены в Омск ученому-лесоводу А. Букейханову. По предположениям автора рапорта, А. Букейханов был «главным организатором и руководителем дела по составлению поданных петиций и телеграммы на Высочайшее имя». Позднее в письме к Н.Н. Сухотину, Степному генерал-губернатору, сообщалось, что текст телеграммы был направлен почтой в редакции газет «Сын Отечества» и «Русские ведомости». [7, л. 24-25 об.] Телеграмма на имя С.Ю. Витте, председателя совета министров, была напечатана в газете «Сын Отечества» за 11 ноября 1905 г. [4, с. 49]

В рапорте сообщается об отправке телеграммы в Петербург из Омска 22 июля 1905 года. Оссовский выяснил «... г-н Букейханов снабжен надлежащими полномочиями от киргизов вверенного мне уезда (Каркаралинского – Ш.Т.), при чем замечено, что г-н Букейханов ведет деятельную переписку с влиятельными киргизами уезда и очевидно пользуется в степи авторитетом». [7, л. 24-25 об.]

Телеграмма, как пишет далее Оссовский в своем рапорте, была доставлена из Омска в Каркаралинск «... служащим Омской судебной палаты, кандидатом на судебную должность Якубом Акпаевым, который и выдавал себя за составителя этой телеграммы». [7, л. 24-25 об.] Далее уездный начальник высказывает свое предположение, что в составлении текста телеграммы принимал участие «... и г-н Букейханов». [7, л. 24-25 об.] В последнем абзаце рапорта Оссовский пишет: «Доверенными лицами для

участия в народных представительствах от вверенного мне уезда намечены г-н Алихан Букеев и г-н Якуб Акпаев». [7, л. 24-25 об.]

С.У. Узбекулы пишет о 46 уполномоченных. [7, с. 137]

Еще одна петиция, составленная от имени жителей Каркаралинского, Семипалатинского, Павлодарского уездов Семипалатинской области, о которой говорится в письме от 15 сентября 1905 г. Степному генерал-губернатору Н.Н. Сухотину, была адресована А.Г. Булыгину, министру внутренних дел Российской империи. [8, с. 338]

В данной петиции 47 пунктов. В них религиозные вопросы; вопросы местного управления; выборность волостных управителей, народных судей, аульных старшин; знание участковыми мировыми судьями киргизского языка, ведение следствия без переводчика; введение присяжных заседателей при окружном суде; устранение административной высылки киргиз без суда и следствия; подчинение киргизских народных судей министру юстиции; занимать должности государственной службы; возможности киргизам защищать свою честь и достоинство; участие киргиз в законодательном собрании, Государственном Совете; вопросы морально-нравственного состояния киргиз в период выборов волостных. Выборы волостных предлагалось проводить при участии ахунов (ахундов); воровство и другие противоправные нарушения предлагалось рассматривать народными судьями чрезвычайного съезда, которые предлагалось созывать один раз в год в присутствии начальника и ахунда; рассматривалась подсудность волостного съезда биев; за совершение убийства предлагалось помимо привлечения к юридической ответственности уплачивать кун по обычному праву. [8, с. 12]

Вместе с тем в исторической и другой общественной, общественно-политической литературе до сих пор отсутствуют точные и имеют место противоречивые сведения об авторстве Каркаралинских петиций. Архивные свидетельства об авторах Петиции отсутствуют.

Авторами петиций назывались А. Букеев, А. Байтурсыно, Ж. Акпаев, М. Дулатов, др. Количество подписантов петиций в источниках колеблется от 12 767 до 16 000. Петиции среди народа не распространялись. Тексты, переписанные от руки, были известны в узких кругах. [5, с. 185]

Петиции, в особенности от 26 июня, и телеграмма от 22 июля имели большое значение в развитии политической и правовой мысли казахского общества. Предполагаем, что на содержание Петиции оказало определенное влияние положения Карамолинского (Чарского) съезда биев 1885 г. под председательством Абая Кунанбаева. Несмотря на характер норм – гражданско-правовых, уголовно-правовых. Эти 74 нормы сочетали признаки степного обычного права с законами Российской империи. [9]

Проведенное исследование показало, что ученые-юристы, историки, к сожалению, не всегда указывают конкретно, о какой Петиции они пишут. Предполагаем, речь идет о Петиции 26 июня 1905 года. Одновременно они ссылаются на Петицию 22 июля, 19 сентября 1905 года (не удалось обнаружить петицию, датированную этой датой).

Манифест 17 октября 1905 года и Ж. Акпаев. Каркаралинская Республика.

Другим важным событием, тесно связанным с Каркаралинскими петициями, является Каркаралинская Республика (1905).

17 октября 1905 года Николай II издал манифест «Об усовершенствовании государственного порядка» (Октябрьский манифест). [10, с. 41][11, с. 85] Мы относим данный Манифест (1905) к октroiированному документу. Он исходил от главы государства – монарха. Манифест был переведен на казахский язык в конце октября 1905 года. Перевод на казахский язык был выполнен А. Букейхановым и Р. Марсековым. [4, с. 54-55]

Одним из главных действующих лиц исторических событий был А. Букейханов. В воспоминаниях А. Букейханова говорится, что на следующий день после получения Манифеста (1905), его передали во все города. Особено важным было донести до населения о даровании неприкосновенности личности, свободы совести, слова, собраний и союзов. Особое впечатление на киргизов (казахов), произвело обещание неприкосновенности личности, свободы совести. [13, с. 400] А. Букейханов писал об издании перевода Манифеста (1905) в акмолинской областной типографии в количестве десяти тысяч. Навыки кочевого образа жизни позволили казахам в короткое время распространить текст Манифеста (1905); он стал обсуждаться повсеместно, в том числе вопросы будущих выборов в Государственную думу. [12, с. 183].

Интерес вызвала запись Ж. Акпаева об установлении в городе Каркаралы на короткое время республики. [13, с. 145] Каким образом отражена Каркаралинская Республика автобиографиях Ж. Акпаева? Нам известны две автобиографии: одна представлена дочерью деятеля М.А. Кул-Мухаммеду, другая выявлена нами в ЦГА РК.

М.А. Кул-Мухаммед в книге, посвященной политico-правовым взглядам Ж. Акпаева, приводит раздел «Биографический очерк». [13, с. 8-34] В нем ученый указывает события 1905 г., в которых принял участие Ж. Акпаев. В разделе «Каркаралинское дело» М.А. Кул-Мухаммед указывает активное участие Ж. Акпаева в октябре 1905 г. в событиях, имевших место в городе Омске. [16, с. 40] В краткой автобиографии Ж. Акпаев пишет об участии в октябре – ноябре 1905 г. в митингах и демонстрациях, политических выступлениях против правительства о свержении самодержавия, об уходе из судебной системы – Омске; выступлении на многолюдном митинге в центре города Павлодар (Кереку) 7-8 ноября (по старому стилю); 11-12 ноября – в казачьей станице Баянаула; 13-14 ноября – в Каркаралы. [5, с. 201-202] В рассматриваемом труде М.А. Кул-Мухаммеда в приложениях приводится полный текст краткой автобиографии Ж. Акпаева. К сожалению, автор – Ж. Акпаев, исследователь – М.А. Кул-Мухаммед, дочь автора – А.Ж. Акпаева, из личного архива которой был взят названный документ, не указали дату его написания. [13, с. 147] Судя по предпоследнему абзацу, где Ж. Акпаев пишет

о местожительстве с 4 октября 1928 г., автобиография была написана в конце 1920-х – начале 1930-х годов.

К сожалению, Каркаралинская Республика остается не исследованной, в произведениях ученых-юристов и историков о ней почти ничего не говорится. О ней мы впервые писали в связи с ранее широко не известной автобиографией Ж. Акпаева в журнале «Право и государство» в 2018 году. [14, с. 155-172]

Каркаралинская Республика, о которой пишет в автобиографии Ж. Акпаев, не нашла пока своего исследователя. Идейным вдохновителям митинга в Каркаралинском уезде, возможно, авторам, составителям удалось воспользоваться растерянностью колониальных властей перед взбудораженным и революционно настроенным населением, установить не надолго свое общее народное правление. Царская администрация, колониальные власти не оставили без внимания политическую проактивность выдающегося деятеля казахского народа и предъявили ему ряд обвинений. Среди них под четвёртым пунктом указано распространение листовок. [13, с. 42] Каркаралинская Республика Ж. Акпаева в истории политической и правовой мысли казахского общества начала XX века интересна тем, что на короткое время удалось организовать прообраз свободного государства казахов, о котором мечтали лидеры национально-освободительного движения всех времен.

Следует обратить внимание еще на один факт, который представляет интерес в связи с Каркаралинскими петициями. Ж. Акпаев не пишет о себе, как о составителе Каркаралинской петиции. На страницах книги М.А. Кул-Мухаммеда не упоминается участие Ж. Акпаева в написании петиции, отсутствует прямое указание на авторство. [13, с. 48] Вместе с тем Ж. Акпаев смело пишет о Каркаралинской Республике.

Петиции, составленные под влиянием первой русской буржуазно-демократической революции 1905 – 1907 гг., имеют большое значение в развитии политico-правового сознания казахского общества. Остаются еще «белые пятна» в истории Каркаралинских петиций и ждет своего исследователя Каркаралинская Республика.

Важным источником идеи конституционализма, на наш взгляд, является труд Б. Сыртанова – проект Устава «Қазақ елі» (1911). [14, с. 155-172].

Устав Страны казахов

Одним из важных и ценных трудов Барлыбека Сыртанова стал Устав «Қазақ елі» (1911). Б. Сыртанов был выпускником факультета востоковедения Санкт-Петербургского университета.

